



ТІЛСІЗ ЖАУ

ТАМШЫДАН ҚҰРАЛҒАН ТАСҚЫН



Көктемнің көкезек шағында табиғаттың тосын мінезі Түркістан облысындағы Қазығұрт және Сарыағаш аудандарының халқына да жайсыз тиді. Төпелеп жауған нөсер жауыннан сел жүріп, оңтүстіктің бір емес, бірнеше ауылын су басты. Қазығұрт ауданындағы 4 ауылды және Сарыағаш ауданының бір елді мекенін нөсер жаңбырдан кейін сел алған. 50-ден астам үйдің ауласын, 18 үйдің ішін, 1 тойхана, бірнеше шаруашылық нысанды қызыл су жайпап өте шықты.

Қазір жергілікті тұрғындар ауласы тұрмақ, үйдің ішіне кірген лайсанды тазалап әлек. Небәрі 40 минут жауған нөсер бірнеше ауылды әбігерге салып қойды. Қызыл су қайдан келді? Сарапхана ауылының тұрғыны Нұрғали Қоңыратбаев шырылдап отыр. Өйтпегенде кайтеді, қорадағы қой-ешкісін тасқын су ағызып әкетсе. Нұрғалидың айтуынша, бұл ауылдың іргесінен автокөлік жолы салынған.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Тірек-қимыл қозғалыстары зақымдалған жандардың рухын қайрап, жігерін шыңдайтын клуб бар, «Алматы» деп аталады. Шағын ғана орталықта тағдыр тәлкегімен он екі мүшесінен айрылса да, рухын жасытпаған жандар салауатты өмір салтын ұстанып қана қоймай, кәсіби спортта орасан жетістіктерге жетіп жүр. Азия, әлем чемпионаттары, Сурдлимпиада ойындарындағы орасан жеңістері мен талайым табыстарынан тау тұрғызуға болады.

Осы клубтағы спортшылардың тағдырдың қатал сынына мойымай, мұқалмай, керісінше, қайраттана түсіп, жеңіске жету жолындағы жігеріне қол соғасың. Өкінішке қарай, қоғамда тепсе темір үзетін, аяқ-қолы балғадай адамдардың арасында жатып ішерлікті ғадетке айналдырғандардың қарасы, масылдыққа мойынұсынып алғандардың да шоғыры қалың. Он екі мүшесі сау бола тұра, әрекетке берекет сұраудың орнына, «алма піс, аузыма түс» деп тілемсектік танытуды ар санамайды. Шерхан Мұртаза айтқандай, бұл да «бір кем дүние».

Аядай ғана клубтың спортшылары жеткен жетістігі мен шыққан биігін бағамдап, орталықтың қазіргі жай-күйін сұрау үшін басшысы Найзабек Сағымбаевпен диалогта қайттық. Біз барғанда орталықтың бірнеше спортшысы Бразилияда өтетін Сурдлимпиада ойындарына аттанудың қамында жүр екен.

Найзабек САҒЫМБАЕВ:

БІЗДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР – ЧЕМПИОН!



Jas qazaq: Қазіргі қоғамда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға құрметпен қарап, қолдау көрсету бағытында атқарылып жатқан істер жетерлік. Өзінің басқаратын клубтағы жасын жігер қыз-жігіттердің жетістігін айтқанда, он екі мүшесі сау, аяқ-қолы балғадай тепсе темір үзетіндердің арасында масылдыққа бой алдырғанның бары да еске түседі.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАСТАР САЯСАТЫ

АРМАНДА! МАҚСАТ ҚОЙ! ЕҢБЕК ЕТ!

Ел болашағы – жастардың қолында. Ғылым мен технология қарыштап дамыған қазіргі заманда озық ойлы, білімді жастардың өз елін дамытуға қосар үлесі мол болмақ. Жас буынның сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты адам болып қалыптасуына бүкіл қоғам болып атсалысуымыз қажет. Нұр-Сұлтандағы Мақсұт Нәрікбаев атындағы заң университетінің студенттерімен өткізілген кездесу осындай мақсатты көздеді.

(Жалғасы 2-бетте)



БӘРЕКЕЛДІ!

МЕН ҚАЗАҚПЫН!



Александр БУБЛИК,
Қазақстанның
бірінші
ракеткасы:

«Мен қазақпын, алты жылдай уақыт бойы елімнің намысын қорғап келемін. Дэвис кубогында, Азия және Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан шығатынымды мақтан етемін».



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
101,67

DOLLAR
453,5

EURO
478

РУБЛЬ
5,8

БАТУМИ. ЖАРҚЫН СӘТТЕРГЕ
БАҒЫТ АЛДЫҚ

air astana

ТІЛСІЗ ЖАУ

(Басы 1-бетте)

Сол кезде бұрын өзен аңғарының бойына, жолдың астынан қазып салынған арнаның көзін бітеп, басқа тұстан суағар құбыр салып берген. Бірақ ол өзен аңғарының өзегінен тым қиғаш көрінеді. Толассыз жауған жанбыр суы сай-сайды

ұшыраған. Әсіресе, Сарапхана ауылының тұрғындары 150-ден аса уак малынан айырылып отыр. Сарыағаш ауданына қарайтын Қақпақ ауылында да тасқын су ағызып әкетіп, қырылған қой-ешкінің саны 200-ге жетті.

округіне қарасты 18 үйдің ауаларына су кірді.

Бір үйдің мал қорасына кіріп, қорадағы қой-ешкілер өлді. Нақтылай айтқанда, сай-салалардан жиналған жаңбыр суы өзеннің ескі арнасына жиналып ағып,

ТАМШЫДАН ҚҰРАЛҒАН ТАСҚЫН



қуалап келіп, автожолдың астынан өтер арнаның бітелуінен көзін таппай жиналып қалған.

Әп-сәтте қорадағы малынан айырылған Нұрғали Қоңыратбаев: «Автожолдың астынан суағар құбыр жасаймыз дегендер бұрынғы орынға емес, басқа жағынан өткізіп берді. Бұл болмайды, ертенгі күні сел жүрсе, ауылды су басады деп қақсаудай-ақ қақсадым. Аудан әкімі де, ауыл әкімі де болды сол кезде, бірақ ешқайсысы тындамады» дейді. Жер жағдайын жақсы білетін жандармен жол салушылардың ақылдаспауы, кенесіне жүгінбеуі осындай келенсіздікке әкеп соқтырып отыр. Зардабын да сол баяғы қарапайым халық, орта шаруа тартады мұндайда.

Жергілікті атқамінерлер 400-ге жуық уак мал қырылғанын айтты. Басқа да шығын көлемі есептеліп жатыр. Түркістан облысының төтенше жағдайлар департаменті мамандары су басқан ауылдардан 50 адамды қауіпсіз жерге шығарып, туыс-туғандарының үйіне жіберген. Қара саннан келген қызыл судан алдымен қой мен ешкі шығынға

Ауа райын болжайтын мамандар су басқан ауылдарда бір күннің ішінде жаңбырдың бір айлық нормасы жауғанын айтады. Аяқ астынан болған апаттан кейін жедел желі іске қосылып, тұрғындардан қандай да бір хабар түссе, әбжіл іс-әрекет етудің қамын да ойластырған екен.

Біз Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сарапхана ауылының әкімі Тұрғара Әбдіқасымға телефон соғып, мән-жайды білдік.

Тұрғара ӘБДІҚАСЫМ,
Қазығұрт ауданы
Сарапхана ауылының әкімі:

«2022 жылдың 24 сәуірінде кешкі сағат 17:25-те басталған жауын 18:05-те саябырлады. Осы 40 минутта жауған нөсер жаңбырдың салдарынан Сарапхана ауылының Жібек Жолы көшесі және біздің ауылдық округке қарайтын Жіңішке ауылындағы Жіңішке, Абдуллаев көшелерінің бірнеше үйлерінің ауаларынан сел жүріп өтті. Жалпы Сарапхана ауылдық

Жібек Жолы көшесіндегі №118 үйдің тұрғыны Нұрғали Қоңыратбаевтың мал қорасын басып, қорадағы уак малдан 157 бас шығын болды. Келтірілген шығынның мөлшері есептеліп жатыр.

Төтенше жағдайға байланысты құрылған комиссия құрамында ауыл округі әкімі аппаратының қызметкерлері, ауыл округінің төбе бй, аудан әкімі аппаратының қызметкері, ауыл округінің учаскелік полиция инспекторы, ауыл округі мал дәрігерлік пунктінің меңгерушісі, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің маманы бар. Міне, осы азаматтар тасқын судан келген залалдың шығынын есептейді.

Тұрғын үйлердің ауласынан аққан сел үйлердің ішіне өтпеді. Әйтеуір, тұрғын үйлер тұрғыа жарамды, баспанасыз қалған адамдар жоқ.

Соңғы 25 жылда мұндай алапат тасқын Сарапхана ауылында болған емес. Табиғаттың құбылысы ғой, бір сағатқа жетпей жауған жаңбырдан сай-саланы қуалай аққан қызыл су басы біріге ауылдағы өзеннің ескі арнасымен аққан. Сарапхана ауылында 761 отбасы бар, тұрғындардың дені мал бағу және егіншілікпен айналысады».

Төтенше жағдайға байланысты құрылған комиссия мүшелері шаруаны жеделдете атқарып, шығынның өтеуін межелі мерзімде іске асырады деп сенім арттамыз. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев комиссия мүшелеріне тапсырма беріп қана қоймай, өтемақының үзделі уақытта төленіп, бүлінген дүниенің бүтінделуін қатаң бақылауына ұстаса, құба-құп. Каперде ұстайтын тағы бір жүйт: қарапайым тұрғындардың қорасындағы малы несиеге сатып алынуы мүмкін. Шығынға батқан адамдарды қаржы ұйымдары қыспаққа алмаса екен.

Ауыл әкімі айтқандай, егіншілікпен һәм төрт түлік өсірумен тіршілігін тұтатып отырған ағайын үшін «малым — жанымның садағасы» қашанда. Кезіндегі жөнсіздіктен енді жанының садағасы суға кетіп отыр.

Қуаныш БАЖАҚ

Жастар саясаты

(Басы 1-бетте)

АРМАНДА! МАҚСАТ ҚОЙ! ЕҢБЕК ЕТ!

Бұл басқосу ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы, сондай-ақ «Адырна» ұлттық қоғамдық қорының «Жастарды әлеуметтендіру және оналту» жобасы аясында ұйымдастырылды.

«Арманда, мақсат қой, еңбек ет, дәулетті бол!» тақырыбында өткен жиынды медиа саласында жұрттың көзіайымына айналған, танымал жандар жүргізді.

Ted-х форматындағы кездесуге қатысқан студенттердің де өз айтары бар. Жастар ертенгі күнге сенімді болу үшін жоспар құру екенін жақсы түсінеді.

Олардың басым бөлігі оқу бітіргеннен кейін «Қандай жұмысқа орналасамын?» деген сауалға жауап іздейді. Өйткені оқу бітіре салысымен бірден жұмысқа тұру екінші біріне бұйыра бермейді. Жұмыс берушіге тәжірибелі, білікті маман керек. Бұл да жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткішінің жоғары болуына әсер етеді. Статистикаға сүйенсек, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі шамамен төрт пайызға жуық. Былтыр елдегі жұмыс істейтін жастар саны 80 мыңнан 76 мыңға дейін азайған. Сондықтан отандық еңбек нарығында қандай мамандар тапшы, қай мамандыққа сұраныс жоғары екенін егжей-тегжейлі зерттеу керек. Бұл орайда жастарды техникалық мамандықтарға оқыту жағына басымдық беру — кезек күттірмейтін іс.

Басқосуды ұйымдастырған «Адырна» қоғамдық қорының басшысы Арман Әубәкір: «Бүгінде техникалық салаға жастарымыз көп келе бермейді. Болашақта техникалық мамандықтарға басымдық беріп, осы бағытта білім алуына бағдар беруіміз керек. Одан бөлек, жаратылыстану бағытында да мамандар жетіспейді. Олардың орнын шетелдік мамандар толтырып жатыр. Біздің мақсатымыз — қолдан келгенше, жастар арасында дөріттеп, насихат жүргізу. Еліміздің дамуына үлес қосатын мамандықтарға қарай бағыттау», — дейді.

Сондай-ақ талқылау алаңының «Құлықсыз жастарды қалай ынталандырамыз?» деп аталуы да бекер емес. Жоба жастардың жұмыс пен оқуға келгенде белсенділік танытпау себептері, жобалық кеңсе тарапынан жастарға көмек беру және кәсіби бағдарлау түрлері, NEET жастарының қордаланған түйткілдерін шешу жолдарын қарастыруға бағытталған. Іс-шараның мақсаты — жастардың шығармашылық әлеуетін дамытып, оларды толғандыратын мәселелерді ашық зерделеп, шешімін табуға жөн сілтеу.

Іс-шара аясында Qazaqstan ұлттық арнасы Ashyq алаң бағдарламасының жүргізушісі Мақсат Толықбай және блогер-журналист Дәулет Мұқаев мансап пен өзін-өзі дамытуға арналған дәріс жүргізіп, тәжірибелерімен бөлісті.

Кездесу барысында жастарды кәсіпкерлікке баулу, кәсіпкерге қажет дағдылар, жастарға қандай мүмкіндіктер ұсынылып, оларды қалай дұрыс пайдалану керектігі де сөз етілді.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Жұмыспен қамту

Мемлекет басшысының мемлекеттік бағдарламалардан Ұлттық жобалар форматына көшу, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту бойынша тапсырмаларын орындау шеңберінде іске асырылатын 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға қатысу үшін 49,8 мың жас жүгінді. Олардың 33,9 мыңға жуығына жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің түрлі шараларын көрсетті. Оның ішінде 33,5 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Мәселен, 15,9 мың адам тұрақты жұмысқа орналасса, 17,6 мың адам субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарында 1,9 мың адам, жастар практикасы шеңберінде — 5,5 мың адам, қоғамдық жұмыстарда — 9,6 мың адам еңбек етеді. 604 адам «Ұрпақтар келісімшарты» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларының қатысушылары болды.

Ал онлайн оқытумен 340 адам қамтылды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысу мерзімі тиісінше 12 айға дейін және 18 айға дейін, қатысушылардың жалақысын субсидиялау мөлшері — 30 айлық есептік көрсеткішке (АЕК), сондай-ақ бизнес-

10 МЫҢ ЖАС КӘСІПКЕРГЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

бастамаларды іске асыруға арналған грант мөлшері 2 есе — 400 айлық есептік көрсеткішке (1,2 млн теңге) дейін ұлғайтылды.

Сондай-ақ биылғы жылы ісін жанадан бастаған жас кәсіпкерлерге 10 мың қайтарымсыз грант беру жоспарлануда. Тағы 10 мың халықтың әлеуметтік осал топтары үшін көзделген. Олар: атаулы әлеуметтік көмек алушылар; көпбалалы отбасылардың мүшелері — көпбалалы бойынша жәрдемақы алушы және (немесе)

оның жұбайы (зайыбы); онтүстік өңірлерден солтүстікке қоныс аударушылар; қандастар; мүгедектігі бар бала (балалар) тәрбиелеп отырған отбасы мүшелері; мүгедектігі бар адамдар.

Бүгінде елімізде екі миллионнан астам жас (15-28 жас) экономикалық белсенді санатында.

Оның ішінде 1 млн 985,8 мың адам немесе 96,2 пайызы жұмыспен қамтылған. Жұмыспен қамтылған жастар арасында өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететіндер — 420,7 мың адамды (21,2%), жалдамалы қызметкерлер — 1 млн 565,1 мың (78,8%).

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

Әлеуметтік қамту

62 мыңнан астам баланың ата-анасы санаторий-курорттық ем-домға мемлекет есебінен бірге баруы мүмкін. Парламент Мәжілісі мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасын таныстырған депутат Елнұр Бейсенбаев: «Мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емдеуге алып жүретін ата-анасының, заңды өкілінің біріне мекемеге орналасу, тамақтану, жатын орны сияқты бірінші қажеттілік болып саналатын шығыстарының құны өтеледі. Бұл бастама шалғай аудандарда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүгедектігі бар баласына жан-жақты санаторий-курорттық ем-дом алуға жол ашады. Ал бүгінгі күнге дейін аталған мәселені жергілікті бюджет арқылы тек үш аймақта, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Қарағанды және Павлодар облыстарынан алып жүруші заңды өкілдерінен қаржы қарастырылған еді», — деді.

МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ЕМДЕЛЕДІ



Бұл — маңызды нормалардың бірі. Заң жобасында қарастырылған қаржының басым бөлігі осы норманы орындауға бағытталады. Алдын ала жобалап есептеу бойынша, үш жылдың ішінде кемінде 62 мыңнан астам бала мен ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері санаторий-курорттық ем-домға бірге баруы тиіс. Осы заң жобасының аясында емханалардағы қызметті бірінші қажеттілік болып топтағы мүгедектігі бар адамдарды нотариустық қызметтер жасауда ақы төлеуден босату нормасы, 50 мың балаға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар құру қағидаты, адам саудасының құрбаны болған шетелдік азаматтарға жан-жақты әлеуметтік қызмет көрсету бойынша нормалар енгізілді. Оған республикалық бюджеттен 5,9 млрд теңге бөлінеді.

(Өз тілшіміз)

Сұхбат

(Басы 1-бетте)

Найзабек Сағымбаев: Біздің клубта жұмыс істейтін бапкерлердің 40 пайызы — мүмкіндігі шектеулі жандар. Бірінің қолы, бірінің аяғы, енді бірінің белі иіліп бүгілмейді, есту қабілеті төмен, көзінің көруі тым нашар дегендей. Бірақ олар соған қарамай, еңбек етіп тапқан нәпакасына бала-шағасын асырап, бүтіндей бір отбасын бағып отыр. Мұндай азаматтарға қалай сүйінбейсің!

Біз осы клубқа қызметке келгенде М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының студенттерімен кездесуге екі спортшымызды ертіп бардық. Оқу ордасында студенттер арасында үстел теннисінен ішкі біріншілік болды. Сол спорт іс-шарасына академия басшыларының өтініші бойынша студенттермен кездесуге екі мүгедек спортшымызды алып бардық.

Жарыс сонынан жүзден дара қара үзіп дегендей, студенттер арасында чемпион болған спортшылармен біздің екі мүгедек спортшылар арасында жолдастық кездесу өткізу арқылы студенттердің шеберліктерін сынадық. Ертіп барған бір спортшымыздың бір қолы иығынан жоқ, екінші қолы шынтағынан шалақ. Соған қарамастан, үстел теннисінің қалағын шынтағына танып алып ойнайды. Ал екінші мүгедек спортшымыз белінен шойырылған, аяғын зорға сылттып басады.

Шыны керек, алғашқыда академия студенттері біздің спортшыларымызға

ЖҮЛДЕДЕН ТАУ ТҰРҒЫЗҒАН САҢЛАҚТАР

Jas qazaq: Клубтың спортшылары жеткен жетістіктері тандай қақтырарлық, мақтанышпен айтуға тұрарлық екен.

Найзабек Сағымбаев: Спортшылардың шығар биік межесі Олимпиада ойындары десек, біздің клубта ХІХ қысқы сурдлимпиадалық ойындарының 4 чемпионы шықты, ХХІІІ жазғы сурдлимпиадалық ойындарының 1 күміс, 2 қола медалін олжалаған саңлақтарымыз бар. Қазіргі таңда 666 спортшы клубқа тіркелген десек, солардың ішінде жетеуі ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, 31 адам халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 101 адам спорт шебері атағын алған. Спорт саласынан хабары бар адамға бұл дегеніңіз, бір спорт клубы үшін, өте үлкен жетістік.

«Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, еліміздің «Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы» тарапынан 7 спортшыға ай сайын ақшалай қолдау көрсетіледі. Алматы қалалық мәслихатының шешімімен штаттағы 17 спортшыға да ай сайын еңбекақы төленеді. Әлемдік байрақты долларда чемпион атанған, жүлде алған, жоғары нәтижемен оралған спортшыларымызға мемлекет тарапынан берілетін сыйақы көлемі де қомақты. Қысқаша айтқанда, ел намысын көтеріп,

Ханчжоу қаласында күзде Пара Азия ойындары өтеді. Еліміздің ішкі біріншіліктерінде де шеберліктерін сынайды.

Спортшыларымыздың жоғары жетістікке жетуіне мемлекеттің көрсетіп жатқан қамқорлығы үлкен сеп. 2016 Рио Паралимпиадасынан кейін үлкен мәселе көтеріліп, ауқымды шаруаның түйіні шешілді де, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарында жетістікке жеткен спортшыларға берілетін сыйақы мөлшері дені сау спортшылардың алатын сыйақысымен теңестірілді. Бұрын Олимпиада чемпиондарының алтын жүлдегері

250 мың, күміс жүлдегер 150 мың, қола жүлдегер 75 мың доллар көлемінде сыйақы алса,



Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарында олжа саңлақтарға берілетін сыйақы мөлшері бұдан әлдеқайда аз еді. Енді осы арасалмақ алынып, теңесті. Содан кейін де спортшыларымыздың құлшынысы артты. 2017 жылы жазғы

Найзабек САҒЫМБАЕВ:

БІЗДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР – ЧЕМПИОН!

аяушылықпен қарады. Бірақ ойын барысында сол академия чемпионы болған спортшыларымыздың бірде-біреуі біздің мүгедек спортшыларымызға қарсылық көрсете алмады. Сонда ғана барып, сол студенттер жеңілгендерін мойындай отырып, «Біз өзімізді күштіміз десек, бізден де өткен мықтылар бар екен» деп таң қалғаны бар. Кейін сол студенттер жаттығуларын шыңдап, спортқа деген жауапкершілігі мен біліктіліктерін арттырып, еліміздегі жоғары оқу орындары арасында екі жылда бір өткізіліп тұратын жазғы универсиада ойындарында жеңіске жетті. Міне, мотивация! Қолы шалақ адамның спортты қалай игергеніне қарап, олар бой түзеп, денгейін өсірді.

Jas qazaq: Найзабек Бекетұлы, оқырмандарымызға тереңдей таныстыру мақсатында өзіңіз басшылық ететін клубтың

мерейін биіктеткен спортшыға мемлекеттің қамқорлығы жоғары. Клубымыздың жетістігі туралы сұрадың ғой. Дене мүмкіндігі шектеулі спортшыларға арналған Бұқаралық спорт іс-шараларының күнтізбелік жоспарына және Халықаралық жарыстарды өткізу ережесіне сәйкес, «Алматы» спорт клубының спортшылары 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан чемпионатына 10 спорт түрінен қатысып, барлығы 65 медаль жеңіп алды. Соның ішінде 27 алтын, 18 күміс, 20 қола жүлде еншіледік. Сонымен қоса, 4 жылда бір өтіп тұратын еліміздің жазғы 5-ші Сурдлимпиялық спартакиадасына қатысып, барлығы 78 медаль — 29 алтын, 28 күміс, 20 қола бұйырды. Жалпы командалық есеп бойынша Алматы қаласы жүлделі 2-ші орынға трақтады. Бұл ел ішіндегі жарыстардағы жетістігіміз. Әлгінде айттым, клубымыздың 122 спортшысы — ел құрамасының мүшелері. Былтырғы жылы спорт түрлері бойынша



тарихын айтып өтсеңіз. Өйткені сіз басшылық ететін клубтың әрбір мүшесінің дене мүмкіндігі шектеулі. Соған қарамастан, олардың жеткен жетістігі еңбектенуге ерінетін жалқауларға қай қырынан да үлгі аларлық.

Найзабек Сағымбаев: Дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Алматы» клубы 2008 жылы қалалық мәслихаттың сессиясында қаралып, сол жылдың қантар айында «Дене мүмкіндігі шектелген адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы құрылып, өзінің жұмысын бастады. Содан бері қарай 14 жылдан асты, бұл күнде біздің орталық мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануына өріс ашатын орынға айналды. Клубта 4 бөлім бар: «Есту қабілеті нашар», «Көру қабілеті төмен», «Тірек-қимыл аппараты зақымдалған» және «Специал Олимпикс» (*психикалық даму мүмкіндігі төзеген*). Міне, осы төрт бөлімде 666 спортшымыз спорттың 20 түрінен кәсіби тұрғыда шұғылданып, додалы жарыстарда дуға кіріп, еліміздің байрағын биіктен желбіретіп жүр. Осы жалпы тізімде тұрған 666 спортшының ішінде жыл сайын 60-қа жуық спортшы спорт түрлері бойынша еліміздің чемпионаттарында жеңімпаз атанып, 90-нан аса алтын медальға ие болады. Одан бөлек, 4 жылда бір рет өтетін Сурдлимпиада және Паралимпиада ойындарында да тәуір нәтиже көрсетіп келеді. Сонымен қатар халықаралық, құрлықтық жарыстардың, әлем чемпионаттарының, Сурдлимпиада және Паралимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған Қазақстанның белді деген спортшылары, бүгінде осы «Алматы» спорт клубында өз шеберліктерін шыңдап, дайындықтарын пысықтайды.

ересектер арасында әлем чемпионатынан 5 күміс, 12 қола медальмен оралды. Еуропа чемпионатында 1 алтын алдық. Азия чемпионатында 4 алтын, 2 күміс еншімізге бұйырды, әлем кубогында 2 алтын, 1 қола олжаладық.

Бүгінгі таңда «Алматы» спорт клубының тірек-қимыл аппараты зақымдалған бөлімінде (ТҚАЗ) — 138 спортшы; көру мүшесі зақымдалғандар бөлімінде — 155 спортшы; есту қабілеті төмен бөлімінде — 283 спортшы; «Специал Олимпикс» (*Интеллект*) бөлімінде 90 спортшы бар. Осы спортшыларды 45 жаттықтырушы баптайды. 11 маманның Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы деген атағы бар.

Қазақстанның ұлттық құрама сапында 2019 жылы ХІХ қысқы Сурдлимпиялық ойындарында шахматтан өнер көрсеткен «Алматы» спорт клубының 4 спортшысы жалпы командалық 1 орынға ие болып, Сурдлимпиада чемпионы атанды. Мұндай тарихи жетістікке командалық ойындар бойынша Қазақстан бірінші рет қол жеткізді.

Өзін де көрдің, бұйырса, 12 спортшымызды Бразилияда өтетін Сурдлимпиада ойындарына аттандырамыз. Мамыр айының 1-15 аралығында өтетін додалан спортшыларымыз олжасыз қайтпайды деп сенім артып отырмыз. 4 жылда бір айналып соғатын жарыстың денгейі де, бәсекесі де жоғары. Осы додаға кіретін спортшыларымыздың дайындығы жаман емес. Медальмен оралады деп бек сенім артып отырмыз. Одан кейін Қытайдың

Сурдлимпиада ойындары Түркияда өтті. Біздің екі спортшымыз Асылжан Тәжиев пен Хайратхаан Шонку қола медаль олжалағаны үшін 75 мың доллардан сыйақыға алды. Сонымен қоса, Алматы қаласы әкімдігі тарапынан сол екі спортшымызға 1 бөлмелі пәтер берілді. Олардың жеке бапкері, Ұлттық құраманың бас бапкері де спортшылардың жетістігі үшін сыйақы алды.

КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУ ҮШІН КҮЙ КЕРЕК

Jas qazaq: Спортшылардың жетістікке жетуіне ең алдымен жаттығу жайлы болуы шарт. Сіз басшылық ететін клубтың спортшылары жаттығу орындарынан тарлық көрмей ме?

Найзабек Сағымбаев: Біздің саңлақтар қаладағы 25 спорттық нысанда оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Алматы қалалық әкімшілігінің және Алматы қаласы Спорт басқармасының тікелей қолдауының арқасында, бүгінгі таңда осы 25 спорт нысандарының 21-де біздің спортшыларымыз тегін жаттығады. Мүгедек спортшылар үшін Алматыда қысқы универсиада ойындарын өткізу мақсатында салынған «Сұңқар», «Алматы Арена» кешендерінде мүгедек жандар үшін пандус та, арнайы әжетхана, қол арбамен көтерілуге болатын жеделсаты бөрі бар. «Медеу», «Шымбұлақ» кешендерінде де сондай.

Келешекте мүгедек жандарға арналған арнайы мамандандырылған спорт кешені салынады деген жоспар бар. Бұл спорт орталығы салынатын болса, онсыз да он екі мүшесінің бірінен айырылып, қамқөңіл жүретін жандардың ойындағы психологиялық кедергі жойылады, әрі мүмкіндігі шектеулі жандар еш қиындықсыз жаттығу жасауға,



спортпен шұғылдануға барады. Арнайы ашылған орталықта заманауи жабдықпен қамтылған кешенде жаттығу өткізу бапкердің де біліктілігін шыңдайды, спортшының да дамуын жылдамдатып, жетістігінің артуына сеп болады. Әзірге елімізде мұндай арнайы соғылған спорт орталықтары бас қаламыз Нұр-Сұлтан мен Атырау қаласында ғана бар. Клубымыздың меншігінде екі автокөлік тіркелген, оның бірі

— «Инвотакси» қала ішінде тірек-қозғалыс аппараты зақымданған спортшыларымызды жаттығу кешендеріне, жарыстарға жеткізеді. Спортшыларымыздың арасында Қазақтың спорт және туризм академиясында оқытқындар бар. Олар келешекте оқуын тәмамдап, маман атанған соң, қабілет-қарымына қарай, клубқа жұмысқа да қабылданады.

Jas qazaq: Өзіңіз осы сала шаруасының бел ортасында жүрсіз, елімізде бұқаралық спортты дамытуды кешенді бағдарламалары да бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануға деген ықыласы қандай әрі олардың спорт түрлерін игеруіне мүмкіндік бар ғой бізде?

Найзабек Сағымбаев: Алматы қалалық әл-ауқат басқармасының былтырғы жылғы есебі бойынша, қаламызда 49 600 мүгедек жан тіркеуде тұр. Оның ішінде спорт түрлерімен шұғылдануға мүмкіндігі келмейтіндері де бар. 2456 адам спортпен шұғылданады. Біздің клубта төрт бөлім болса, сол төрт бөлімде спорттың 20 түрінен жаттығу жүргізіледі. Атап айтқанда, жүзу, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, шағын футбол, пауэрлифтинг, үстел теннисі, еркін күрес, грек-рим күресі, садақ ату (*компаунд*), отырып ойнайтын волейбол, арбадағы теннис, бадминтон, голбол, таэквондо, дзюдо, арбада отырып билеу және ат спорты. Арбада билеу мен ат спорты былтыр ғана ашылды.

Jas qazaq: Өзіңіз бұл клубқа келгенге дейін ел спортын өркендету жолында еңбек етіп, басшылық қызметте болдыңыз. Бапкерлер құрамынан байқап қалдым, қазақ спортшының айтулы саңлақтарын түлеткен тәлімгерлер сіздің клубта жұмыс істейді екен. Мысалы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушылар: Мәлік Нәдірбеков еркін күрестен ұлттық құраманың бас бапкері болып, балуандарымызды жазғы Олимпиада ойындарына, әлем чемпионаттарына қосқан білікті маман. Пара таэквондандан ұлттық құраманы баптаған Сұлтанмахмұт Шокбытов және жеңіл атлетикадан Москва-80 жазғы Олимпиадасының қола жүлдегері атақты спортшымыз Татьяна Лесовая да осы клубта шәкірт тәрбиелейтін көрінеді.

Найзабек Сағымбаев: Клубтың басшылығына келген соң тірек-қимыл аппараттары зақымдалған спортшыларды ары-бері тасуға, арбамен кіріп-шығуына қолайлы шағын автобус сатып алдық. Кәсіби спортта жоғары жетістікке жеткен 10 спортшыға 100-120 мың теңге мөлшерінде ай сайын еңбекақы төлеуді жолға қойдық. Алматы қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасында жұмыс істегенде де тығыз байланыс орнатқан спорт кешендерінің басшыларымен мәмілеге келіп, келісім жасасу арқылы спортшыларымыз оқу-жаттығу жиындарын алаңсыз өткізіп жүр.

Бапкерлер құрамындағы білікті мамандар жайында сұрадың, айтайын. 2016 жылы осы клубқа басшылыққа тағайындалған соң есту мүшесінде ақауы бар, зақым алған спортшылар арасындағы балуандарды, яғни грек-рим, еркін күрес шеберлерінің физикалық күш-қуатын саралай келе, білікті кадр, Қазақстанға еңбегі сіңген бапкер Мәлік Нәдірбековті жұмысқа шақырттық. Бапкерге үлкен сенім артып, әрі біздің балуандардың біліктілігін жетілдіріп, күшін толтыру үшін Ұлттық құрамадағы балуандардың оқу-жаттығу жиындарын да бірлесіп атқарып, балуандарымызды шыңдалу мектебінен өткіздік. Оның нәтижесін де көрдік. Сол жылы Хайратхаан Шонку Иран елінде өткен әлем чемпионатында грек-рим күресінен қола алды, еркін күрестен әлем чемпионы атанды. Асылжан Тәжиев еркін және грек-рим күресінен қола медаль олжалап қайтты. Грек-рим күресінен Ғабит Игенбай да қола жүлдегер атанды. С. Шокбытов тәрбиелеген Кәмила Досмалова болса, Еуропа чемпионы болды және Токио-20 жазғы Олимпиадасына қатысушы ретінде тарихқа енді. Ал Татьяна Лесовая баптаған бірнеше спортшыларымыз Азия ойындарында жүлдегерлер қатарынан көрінді. Алдыңғы буын ағаларының жолын қуып, біздің жас бапкерлеріміз: Ерлан Мұқажан, Мұрадым Молдағалиев және Артур Томницкий баптаған спортшыларымызда әлемдік байрақты жарыстарда топ жарды. Осы жетістіктері үшін жастығына қарамай, оларда «ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы» атағына ие болды. Дене мүмкіндігі шектелген адамдардың спортпен шұғылдану үшін, олардың жас ерекшелігіне ешқандай шектеу жоқ. Бір спортшы бірнеше спорт түрімен шұғылданамын десе де, өзінің еркінде.

БРАЗИЛИЯҒА КІМДЕР БАРАДЫ?

Jas qazaq: Тақым қысып, тілеуестік танытатын додаға да аз қалды. 1 мамырда Бразилияда жазғы Сурдлимпиада ойындары басталады. Сіз басқаратын клубтан неше спортшы аттанады осы аламанға?

Найзабек Сағымбаев: Еліміздің сурдлимпиадалық құрамында бірнеше спортшы бара жатыр. Солардың ішінде біздің клубтың бес спортшысы: Дәнен Қазыбек 55 келі, Ғабит Игенбай 67 келі, Әбдірахман Оспанов 87 келі, Асылжан Тәжиев 97 және Хайратхаан Шонку 130 келі салмақта, грек-рим күресінен және Хайратхаан Шонку еркін күрестен 125 келі салмақта өнер көрсетеді.

Дзюдо күресінен де бес бірдей балуанымыз осы айтулы жарысқа аттанады. Олар: Әлдибек Нұрмұхамед 60 келі, Асхат Адамбаев 66 келі, Әсел Максұтова 70 келі, Шаяхмет Қанапиянов 73 келі, Ермек Жөнібекұлы 90 келіде сынга түседі. Бұлардан бөлек, жеңіл атлетика сынына Рауан Бейсебай, жүзуден Данил Абдуллин қатысады. Міне, осы спортшыларымыз Сурдлимпиада ойындарында еліміздің байрағын жоғарыда желбіретуге, Өңүранымызды шықатуға күш салады. Өзін айтпақшы, тақым қысып осы спортшыларға тілеулес болып жүрміз.

Jas qazaq: Өңгіменізге рахмет! Осындай талапты жандардың қажырлы еңбегі мен мұқалмайтын мінезі қоғамдағы масылдықтың азаюына септігін тигізе берсін демекпіз.

НАРЫҚ

Тұрғын үй – 2022

Екі миллионға жуық тұрғыны бар қалада баспана мәселесі қашанда өзекті. Содан болар, салынып жатқан үй де, құрылыспен айналысатын компания да көп. Соңғы мәлімет бойынша, қазір 150-ге жуық тұрғын үй кешенінде пәтерлер сатылымға қойылған. Таңдау көп. Дегенмен алып шаһарда олардың барлығын аралап шығу үшін біраз уақыт керек. Осыны ескерген «Отбасы банк» өткен демалыс күндері Жылжымайтын мүлік жәрмеңкесін ұйымдастырды. Бұған дейін мұндай жәрмеңке Нұр-Сұлтан, Семей және Шымкент қалаларында өткізілген болатын.



Жәрмеңкеге қатысу үшін қаланың қақ ортасындағы «АлматыБасЖоспар» ғимаратына бет алғандардың карасы көп. Бала-шағасын ерткен жұрт құдды мерекеге асыққандай. Ірі құрылыс компаниялары да, жылжымайтын мүлік агенттіктерінің өкілдері де осында. Атап айтқанда, BI Group, Qazaq Stroy, Nayat Construction, Egemen Company, Ayt Housing Complex, Sheber build, Exclusive qurylys, Rams Qazaqstan, Nest stroy, KazSMU, Atamura Engineering, Каспий SMR-EURASIA, MTC Company LTD құрылыс компаниялары, KN.kz, JANA, Витрина сияқты агенттіктер сатылатын баспаналарын жұртшылыққа таныстырды.

Алматылық Жанар Сансызбаева жәрмеңкеге алғашқылардың бірі болып келген. Құрылыс компаниялары 12-20 пайызға дейін жеңілдік беретінін естіпті. «Алматының ана басы мен мына басын шарламай, қай жерде қандай пәтер сатылатынын білуге, солардың арасынан өзіне қолайлысын таңдауға мүмкіндік бар. Әрі бағаны өсіріп жіберетін делдал жоқ. Сатушыдан тікелей аласың», — дейді ол қуанып. Жанардың ұлы мен келіні пәтер жалдап тұрады екен. Қазір пәтерді жалға алу бағасы қымбат. Сондықтан балаларының өз үйі болғанын қалайды. Біз оған сәттілік тіледік.

Ал Гүлнар Сәмбетова бала-шағасымен бірге жүр. Ол алдымен мемлекеттік қызметкер ретінде қандай бағдарламамен баспана алуға болатыны жөнінде кеңес алмақшы. Соған орай пәтер қарастырады. Өздері Наурызбай ауданында жер үйде тұрады екен. Бірақ орталыққа жакындау жерде пәтерім болса деп армандайды. «Бір жақсысы, сатылатын тұрғын үй көп екен. Солардың арасынан біреуін қайтсек те табамыз» — деген сенімде.

Жәрмеңкеге келушілер «Отбасы банкінің» тұрғын үй бағдарламалары туралы толық мағлұмат алды. Несие төлемінің ең тиімді нұсқасын таңдау мүмкіндігі де болды. Банк кеңесшілеріне несие төлемдерін есептетіп, алдын ала мақұлдау құжаттарына қол жеткізеді. Содан кейін тұрғын үй кешендері арасынан өздеріне де қолайлысын тауып, болашақ пәтерін көретін күнді белгілейді. Сонымен қатар осы кезге дейін «Отбасы банкіне» жинақ жасауды құнттамай жүргендер депозит аша алады.

«Аккент» тұрғын үй кешенінің тактасы жанында адам қарасы үзілмеді. Осы жерде тұрғындарға мағлұмат беріп тұрған сауда менеджері Әсия Сембаеваны сөзге тарттық. Әсияның айтуынша, жылжымайтын мүлік жәрмеңкесі қаладағы қаншама тұрғын үй кешендерімен танысуға мүмкіндік береді. Ол мұндай жәрмеңкенің өте тиімді екенін айтады. «Әркім өзіне қолайлысын таңдайды. Оның үстіне «Отбасы банк» кеңесшілері бірден төлем қабілетін тексеріп, несие төлемін де есептеп береді. Көп адам банкке, тұрғын үй кешендерінің сату бөлімдеріне жұмыс күндері бара алмайды. Ал бүгін, міне, банк те, құрылыс компаниялары да бір жерде, бәрін егжей-тегжейлі сұрастыруға болады. Менінше, бұл — тамаша мүмкіндік. Бізге де келіп, 13 блоктағы пәтерлерге бронь жасаушылар көп», — дейді ол.

Айта кетейік, жәрменкеде жылжымайтын мүлік сатып алуды көздегендерге құрылыс компаниялары тарапынан төмендегідей жеңілдіктер қарастырылды:

- ⊗ **RAMS QAZAQSTAN – Navoi 3.0, Nomad 2 и Rams City тұрғын үй кешендеріне 12%;**
- ⊗ **EXCLUSIVE QURYLYS – қолма-қол төлем жасалатын болса, әр шаршы метрге 10 000 теңге;**
- ⊗ **BI GROUP – толық төлем жасалса, 20% дейін;**
- ⊗ **SHEBER BUILD – 90 млн теңгеден астам сомаға пәтер алынса, 2 млн теңге;**
- ⊗ **KAZSMU –700 000 теңге**
- ⊗ **АЙТ ҚҰРЫЛЫС САУДА – пәтер сатып алынғанда көлік тұрағын жеңіп алу мүмкіндігі.**



Данагүл ТҮСІПОВА, «Отбасы банк» АҚ Алматы қаласы филиалының директоры:

«Жылжымайтын мүлік жәрмеңкесі Алматыда бірінші рет өткізіліп отыр. Бұл шараны жоспарлағанымызға біраз уақыт болды. Бірақ, өздеріңізге белгілі, пандемияның кесірінен мұндай іс-шараны ұйымдастыруға мүмкіндік болмады. Жәрмеңке Алматы қаласы тұрғындары мен қонақтарына арналды. «Отбасы банк» серіктестері — құрылыс компаниялары өздерінің тұрғын үй кешендерін ұсынды. Жәрмеңкеге 13 құрылыс компаниясы қатысып отыр. Келушілер олардың әрқайсысына өз сауалдарын қойып, пәтерлерді салыстыра алады. «Отбасы банк» қызметкерлері депозиті жоқ клиенттерге депозит ашып береді. Планшет арқылы әр салымишының төлем қабілетін растап, қандай сомаға несие алатынын айтып, кеңес беріп, алғашқы шешімін шығаруға мүмкіндік жасалды. Банк салымишысы қандай сомаға пәтер сатып алуға болатынын есептетіп алғаннан кейін, сол соманың шамасында құрылыс компаниясына барып, пәтер таңдай алады. Құрылыс компаниялары әр түрді жеңілдіктер ұсынады. Пәтер таңдау оңай шешім болмағандықтан, біздің клиенттеріміз жанұжасымен, ақылдасатын адамдарымен бірге келіп отыр. Сондықтан «Отбасы банк» командасы жиналған қауымға түрлі іс-шаралар ұйымдастыруды да жөн көрді. Демалыс күні болғандықтан, тек үй таңдап қоймай, жақсы демалса деген ниеттеміз. «Отбасы банк» өз клиенттеріне барынша қолайлы жағдай жасауға ұмтылады.

сөзінен осыны ұқтық. Ол өзінен кеңес сұраған бір жігітке бүгін бастапқы жарна ретінде 20 пайызын құйса, тұрғын үй салынып біткенше доллар бағамы өсіп, құрылыс материалдары қымбаттаса да бағанын өзгермейтінін таптіштеп түсіндірді. «Жалпы қалада баспана сатып алғысы келетіндер өте көп. Жәрмеңкеге қатысып жатқан әр құрылыс компаниясының қасында банк кеңесшілері бар. Олар жан-жақты мәлімет пен кеңес береді. Дәл осы



ҚОЛАЙЛЫ ҚОНЫС, ТИІМДІ ҰСЫНЫСТАР АЛМАТЫДА ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

арада депозит ашуға да болады. Сондай-ақ ипотекалық несиенің ай сайынғы төлемін де бірден есептеп береміз. «Отбасы банкінің» «Шаңырақ», «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламалары бар. Биыл «Алматы жастары» бағдарламасы жалғасын табады деп күтіп отырмыз. Мақсатымыз — халыққа мінсіз қызмет ету», — дейді ол.

Қазір Алматы қаласының 300 мыңға

жуық тұрғыны баспана алу үшін «Отбасы банкінде» қаражат жинап жатыр. Жыл басынан



Нәзира АҒЫБАЕВА, «Отбасы банк» САЛЫМШЫСЫ:



«Біз 2013 жылдан бері «Отбасы банкінде» депозит ашып, артық ақшамызды жинап жүрміз. Кішкентай екі балама «Арнау» депозитін ашып қойдым. Айына 7,5 мың теңгеден салып отырамын. Оған да жыл сайын мемлекеттік сыйлықақы беріледі. 18 жасқа дейін үзбей жинай берсек, балаларым өскен соң баспаналы болады. Жақында «Жас отбасы» депозитін де аштық. Ол туралы көп адам білмейді екен. Қазір таныстарымның бәріне айтып, түсіндіріп жүрмін. Жалпы «Отбасы банкінде» жанұжамыздың алты депозиті бар. Аз-аздан болса да, жинаған дұрыс екен. Бүгінгі жәрмеңкеде

«Алматы жастары» және «Шаңырақ» бағдарламаларымен пәтер алу мүмкіндігіміз бар екенін білдім. Енді солардың біреуі арқылы баспаналы болатын күн де алыс емес».



«Отбасы банк» еліміздегі әр отбасының баспаналы болуына мүдделі. Сол мақсатта қызмет етіп жатыр. Біз «Каспий» тұрғын үй кешені тактасының жанында келушілерді төлем шарттарымен таныстырып отырған банк кеңесшісі Рүстем Дүйсекеновтың

пәтер рәсімдемекші. Сәтін салса, алып шаһарда тағы бір жас отбасының өз баспанасы болады.

Гүлнар АХМЕТОВА

Құрмет

Өмір ағысына қарсы жүзіп, қиындықты жеңе білетін адамдар бар. Біздің бүгінгі кейіпкерімізді дәл сондай жан дер едім. Ол өзімен тағдырлас жандардың жігерін жанып, кез келген кедергіні жеңуге талпынтады. Нұржан Нағиев Алматыдағы республикалық протездік-ортопедиялық орталықтың стационарында емдік дене шынықтыру нұсқаушысы болып жұмыс істейді. Мұнда ол медициналық-өлеуметтік көмек пен қажетті оңалту шараларын қабылдайтын науқастарға көмектеседі.



Нұржан НАҒИЕВ: АДАМДАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒЫМ КЕЛЕДІ

Өз жұмысын сүйіп істейтін жігіт екінші топтағы мүгедек және оған сүйектің туа бітті қысқалығы диагнозы қойылған. Бірақ ол ешқашан тағдырына налып, мойыған емес. Ол әңгімесін былай бастады:

«Мен Оңтүстік өңірдің тумасымын. Бес баладан кейінгі кенжесімін. Аға-әпкелерімнің денсаулығында кінәрат жоқ. Ал мендегі диагноз — сүйектің туа бітті қысқалығы. Бір аяғым екінші аяғымнан 13 см қысқа. Мектеп кезімнен бастап өзімнің диагнозым туралы сұрастырып, себебі мен салдарын іздей басталдым. Кішкентайымнан аяғымға арнайы аяқ киім кидім. Ата-анам барынша қаратты. Қаншама рет ем-дом іздеп аудар, қала, тіпті республика көлеміндегі емханалардың есігін тоздырдық. Ең дұрыс шешім арнайы аяқ киім киіп, денемді соған үйрету болды. Осылайша тапсырыс арқылы Алматыдағы протездік-ортопедиялық орталықтан аяқ киім алып кидім. Шалбарды да аяғымның кемістігін жасырып тұратындай етіп тіктіруді үйрендім. Аяғымның ақауын көп ешкім байқай бермейтін. Сондықтан мектепті де, жоғары оқу орнын да сау балалармен бірге оқыдым. Өзімді ешқашан төмендеткен емеспін. Керісінше, өзгелерге қарағанда менде энергия көбірек сияқты көрінетін. Өйткені бала кезімнен бір нәрсені оқуға, білуге, зерттеуге құштар болдым. Жоғары оқу орнын суретші-гобеленші мамандығы бойынша бітірдім. Бірақ бәрібір медицинаға бір бүйрегім бұрып тұратын. Сондықтан екінші жоғары білімді Алматыдағы спорт және туризм академиясынан емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мамандығы бойынша алдым. Осылайша оқу бітіргеннен кейін медицина саласын тандадым. Ең алғашқы жұмыс орным балаларға арналған шипажай болды. Онда түрлі диагнозы бар балалар ем-дом алады. Әсіресе, балалардағы церебралды паралич (*БЦП*) диагнозымен жатқан балалардың аяққа тұруына түрлі ем-дом жасап, оларды қимылдатып, жаттығулар арқылы жүріп-тұруына көмектестік».

Балалар шипажайында екі жылдай жұмыс істеп тәжірибе жинақтаған Нұржан 2018 жылы Алматыдағы республикалық протездік-ортопедиялық орталыққа ауысады. Осы орталықта жұмыс істеп жатқанына биыл бес жылдан асыпты.. Өзіне сенім артып келген әр науқасқа психологиялық көмек көрсетіп, емдік дене шынықтыру жаттығулары арқылы жігер береді. Оның айтуынша, ешқашан мойымау керек. Тек алға қарай ұмтылғанда ғана, өмірдегі қиын сәттермен күресіп, бәрін де еңсеруге болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Орайы келген әңгіме

Жылтырағанның бәрі жақұт емес екенін біле тұра, бүгінгінің жастары арасында жарқырап киініп, шайқап ішіп жүруге әуестенушілер тым көп. Бұл замана талабы болғандықтан заңдылық та шығар. Бұған тағы бір себеп, өлеуметтік желідегі бай-бағландыққа бой алдырғандардың әдемі өмірі туралы суреттелетін ертегіге бәрсіз әлемі. Олардың санасында біз де сондайға жетсек, жеткенде де «ақырын жүріп, анық басып» емес, қарышты қадаммен қарпып қалып, оңай олжаға көнелсек» деген қиғаш ұғым-түсінік басым.

Масылдықтан қалай арылуға болады? Қоғамның кеселіне айналған бойкүйездіктен бойымызды аулақ салудың қарекеті қандай? Белгілі кәсіпкер, меценат Сырымбек Тауұлымен арадағы әңгімеміз де осы патерналистік тақырыбында ербіді.

Жас qazaq: Кәсіпкер Сырымбек Тауұлының ұғымында масылдық деген не өзі, бүгіннің күннің жатыпшіері кімдер?

Сырымбек Тауұлы: Қазіргі алмағайып заманда қоғам қиын болып тұр. Сол қоғамды кейде өзіміз қиындатып жібердік пе деп те ойлаймын. Өйткені жасыраны қане, жастарды әлеуметтік желі, жарқ-жүрк жылтырақ әлем бағыттап жатыр. Олар сол әлеуметтік желідегі жайлы өмірге қызығады, соған еліктейді. Бәріне топырақ шашқым келмейді. Бірақ осы топтын

Сырымбек ТАУҰЛЫ, кәсіпкер:



ішінде іштарлығы, көре алмаушылығы оянып, ішін тырнайтындары да бар. Олардың көкейінде «осындай бай-манаптардың табысынан біз де алуымыз керек, жұлып, тартып алсақ та иелік етсек» деген арам пиғыл оянады. Ал сол бай-манап болып көрінетіндердің бәрі шынайы өмірде солай ма? Мен жастармен кездескенде осыны үнемі қадап-қадап айтамын. Инстаграмда бай болып жүргендердің барлығы миллиардер емес. Қай жерді тырнасаң да қан шығатыны секілді, кез келген адамның арғы жағына терендей бойлап білмей, байлам жасау қате. Сосын біреудің өміріне қызығып, «солай мен де жүрсем екен» деп де жаңсақ ұғым, мұны ұстану жарға жығады. Масылдықты қалай түйсінесің дедіңіз, түйіндей айтқанда, менің ұғым-түсінігімде масылдық — біреудің арқасында күнелтемін деп ойлау. Мейлі ол мемлекет болар, тіпті жекелеген адамдар, дос-жараның, бауыр-туысын, айналадағы жандардың біріне арқа сүйеп алып, солардың бергенімен өмір сүру деп пайымдаймын. Адамның бойынан осындай арам пиғылды сылып тастамай, бұл айықпас дерттен құтылу әсте мүмкін емес. Қазір әлеуметтік желі, оның ішінде Инстаграмда «маған дәріме көмектесіңізіші, соңғы демім үзілуге шак тұр» деп жалбарынып хат жазғандар он күннен кейін де дәл сол сарында сұранып отыра береді. «Ақтық демі үзіліп бара жатқандағы соңғы тал қармауы» ретінде хат жазған бір-екі адреске қажылай қолдау көрсеттік. Сөйтсек, әлгілер араға бірнеше күн ұзатып, сол «әлаулайына» қайта басып отыр. Міне, адамдардың арасындағы алақан жаю мен масылдықтың қай дәрежеге жеткені. Рас, шынымен де мұқтаж жандар бар. Бірақ олардың арасына әлгіндейлер де қосылып алып, жеке бас мүдделеріне пайдаланып кететіні өкінішті.

Жас qazaq: Инстаграм дегенде есіме түсіп отыр, жуырда бір пост жаздыңыз, осы инстаграм желісінен жекеңізге келетін хаттар туралы. Жаңылмасам, «300-дей хатты ерінбей қарап шықтым, басым көпшілігі қарызға қаражат сұраған» деп статистикасын да түзіп бердіңіз.

Сырымбек Тауұлы: Алматыдан Ыстамбұлға ұшқанда, ақ шарбы бұлттың үстінде кетіп бара жатқанда телефоныма үніліп, ерінбей оқып шықтым. Мына бір деректі айтайын. Маған Инстаграм желісіндегі паракшама, яғни дәйректке хат жазатындардың 80 пайызы қарызға ақша сұрап, сауын айтады. Осылардың ішінде 70 пайызы қайтарымысыз қаржы беруді өтінеді. Мен олардың әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерін шешіп беру үшін, қайтарылмайтын қаражатымды аударуым керек екен. Бұлардың ойынша, ол қарыз емес, көмек. 15-20 пайызы қайтарып беретін үәдесімен қарыз беруді, тағы 15-20 пайызы қайырымдылық іс-шараларға көмектесуімді өтінеді. Қарыз беруді, қайтарымысыз көмек сұрауды, қайырымдылыққа жұмсайтын шығынды шатастырмау керек. Көпшілігі бейтаныс болғанымен, қайтарымысыз ақша сұрағандардың арғы жағына үңілсеңіз, тепсе темір үзетін, аяқ-қолы балғадай жігіттер бүкмекерлік компанияларға бес тігіп, ойынханаларға басы бүтін байланғандар. Олар ақшаны қалай жеңіл жолмен тауып, оңай олжаға көнелсек деген пенделік пиғылынан арыла алмайды. Сізден қарызға, болмаса көмек ретінде ақша сұрап алып ойынханаға салып жіберді. Олар бұдан ешуақытта тайынбайды. Сол қаржыны табу жолындағы тепен-тепен енбекті, ауыр жұмысты олар сезінбейді де, ойламайды да. Сондықтан

да біз қарыз сұрайтындарға «компаниямыз қарызға ақша үлестіретін мекеме емес» деп жауап береміз.

Жас qazaq: Әлемді бүріп жіберген пандемия кезінде сіздер қайырымдылық жәшігін тараттыңыздар. Масылдықтың көкесін, жатыпшіерліктің зорын сол кезде де көрдіңіздер ғой.

Сырымбек Тауұлы: Өкінішке қарай, қазір қоғамда масылдық белен алып баралы, өршіп тұр деу де керек шығар. Мысалы, біз жобалап алғанда, бір отбасының бір айға жеткізуге болатын азық-түлігін жәшікке салып тараттық. Сонда өзі тұратын мекенжай бойынша бір мәрте алып, екі үйден кейін тағы бір адреспен екі асауды көздегендерді әшкереледік. Қайырымдылық жәшігін алуға ықылас танытып, мұқтажбын дегендердің үйіне барғанда зәулім үйде тұрады, есігінің алдында қалып көлік. Сондай бір-екі адам «біз сендерді сынау үшін осылай тапсырыс бердік, жұртқа расымен азық-түлік таратасыздар ма» дегенін де естідік. Тегінге ұмтылу, қалайда қарпып қалсам деген ұғым ұзаққа апармайды. Бұдан ешкімнің жырттығы жамалып, байлығы артып кетпейді. Жаратқан иеміз кім қимылдап әрекет еткенде ғана берекесін арттырады. Оңай олжа ешқашан несібенді байытпайды.

Жас qazaq: Жуырда туған күніңізде өзіңізге сыйлық алмай қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, Талғар қаласында салынып жатқан даун синдромына шалдыққан балаларды емдейтін орталық құрылысына қомақты қаражат аудардыңыз.

Сырымбек Тауұлы: Жаңылмасам, 2019 жылы туған күнімде достарым мен бауырларымнан көптеген сыйлық алдым. Соның ішінде сегіз белдік сыйға берілді, сегіз адамнан. Қызығы, бәрі бір бренд, қымбат белдік. Ертеніне әлгі белдікті сататын дүкенге барып, жетеуін қайтарып беріп, ақшасын қайырымдылыққа жұмсалдым. 2020 жылы туған күнімде банк картама өзім 1 миллион тенге салдым да, ал туған күніме ықылас

танытып, құрметтеп құттықтап сыйлық беретін жандар осы картаға аударсаныздар, жиналған қаражатты қайырымдылық іс-шарасына жұмсаймыз дедім. 18 миллион тенге қаражат жиналды. Бір жәшікке кеткен азық-түлікті тоғыз мың тенгеге алдық та, 2000 жануяға қайырымдылық жәшігін тараттық. Былтыр да сол бағыт бойынша қайырымдылық шарасын ұйымдастырдық. Былтыр сәуір айында біз белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы екеуіміз Талғар қаласындағы «Ақжол ем» балалардың оңалту орталығына бардық. Шағын ғана орталыққа балалар жанына дауа, дертіне шипа іздеп келеді. Орталықпен қосылас бос жерді бір кісі сатып алып беріпті. Соған жана ғимарат тұрғызбақшы екен. 1200 шаршы метр ауданға лайықталып салынатын құрылыс нысанын біз тәуекел етіп, тағы бір мың шаршы метр костырып, жобалық сызбасын өзгерттік. Биыл туған күніме жакын қалғанда Қайрат Жолдыбайұлына хабарласып, құрылыстың жай-жапсарын сұрап едім, «28 миллион тенге қаражат жетпейді» деді. «Онда мен туған күнімде жинап беремін» дедім. Жеті мың адам осы қайырымдылық шарасына қаржысын аударды. 100 тенгеден 1 миллион 8020 мың тенгеге дейін ақша аударған азаматтар болды. Өзім 1 миллион тенге қосым, ұзын-ырғасы 30 миллион 200 мың тенге жиналып, медицина орталығының құрылысына жұмсалды. Экологиялық жағдай, басқа да фактордың әсері ме, өкінішке қарай, даун синдромына шалдыққан балалардың саны көбейіп келеді. Біз құрылыс жұмысын бастағанда 168 бала тіркеуде тұрса, қазір сол тізім 980-ге жетті. Қоғамдағы ынтымақтастық рухты қалыптастырудың бір саласы қайырымдылық іс-шараларын өткізу деп санаймын.

Жас qazaq: Сіз үнемі жастардың ортасында боласыз, пікірлесесіз, ақыл-кеңес айтып жүресіз. Жастарға алдыңғы буын аға ретінде ақыл жөн сілтейсіз. Өзіңіз бірге ұжымды басқарасыз, компанияның басшысынан жұмыс сұрап келуші жастардың да көп екені белгілі. Олардың ішінде де осы масылдыққа бой алғыза бастағандары кездесе ме? Бұлайша айтқанда, жұмысы жеңіл, жалақысы қомақты қызмет керек деген секілді талаппен келетіндері де бар шығар?

Сырымбек Тауұлы: Онсыз өмір өмір ме, әрине, болады ғой. Тіпті менің туыстарымның ішінде де бар ондайлар. «Маған мына жұмыс ауыр екен» дейді, «жаксы, онда сатушылықты менгеріңіз» деп кеңесден орын берсең, оны да қарқ қылмайды. Сонда оларға «біздің компаниядан бір ғана қызмет қалды, ол — басшының орны» деймін күйініп. Әр адам өзінің жұмысын сүйіп, бүкіл ынтасымен атқарғанда ғана іс ілгері басады. Жаңа да айттым ғой, бәріне топырақ шашудан аулақпын, жастардың арасында да қағып алар қағылз, іліп түсер алғырлары бар. Сол жаңағы айтқан жас жігітке ауыр тиген жұмысты игеріп, қыр-сырын менгеріп, сатылай өсіп, бір бөлімнің бастығы болып қызмет істеп жүрген жастар бар. Қандай шаруада болмасын, жалқаулықтан арылмай, жетістікке жетпейсін. Адам ешқашан еріншектігі ұстап артқа шегіншектемеуі керек. Қазір ақыл-ойдың, озық технология мен технократ заманы. Біз көршімізге қарап үй соғып, жаңа көлік мініп жарыспауымыз керек. Әлеммен бәсекелестікке түсуді түйсінгенде ғана нәтиже шығады.

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШІМБАЙ

АИМАҚ

Үлгі

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Ақмарал Құдайбергеновамен сұхбаттасу үшін қабылдау кабинетінің алдында отырмын. Сәл күтіп қалдым. Бір-екі қызметкерінің даулы мәселесін қарап жатыр екен. Сәлден соң мені де қабылдады. Біз сырттай танитын басшы Ақмарал көз келген жұмысты үйіріп әкететін аяқ-қолы балғадай, ер мінезді бегім. Бірақ онымен сырласып, ішкі жан тебіренісін тыңдай келе, үйдің де, түздің де жұмысын теңдей алып, баланы да тауып, ата-енені де бағып, қайын жұртқа да жағып жүрген қазақтың қайсар қызының бейнесі көз алдымызға келе қалды.

— Түркістан облысы бойынша музейдің 8 филиалында 113 штат бар. Әрқайсысының өз түйткілі бар. Мені тындаса екен, өтінішім жерде қалмаса екен деп келеді. Солардың бәрін қолымнан келгенше мейлінше бітіріп беруге, қолайлы жағына ыңғайластыруға тырысып келемін. Ешкімнің қарғысын алған жоқ шығармын деп ойлаймын.

Музей сырт көзге мүлгіген тыныштық болып көрінеді. Көп адамдар «Музейде не бар дейсің?» деп айтады. Біз сол музейде қатпар-қатпар тарихтың, небір тарихи құнды жәдігерлердің бар екенін насихаттаймыз. Адамдар музейге аяндайтын деңгейге жеткізу үшін тырысып жүрміз. Әсілі, бұл ғимаратта руханияттың жанашырлары, қанағатшыл жандар еңбек етеді. Әйтпесе, қазіргідей нарық заманында 50 мың теңге жалақыға кім жұмыс істейді?! Олар

жұмысын істеп, қала берді мектепте мұғалім болып, бір тыным таппаған жас келіннің өмір баспалдақтары тұр.

— Менің ата-енем өте еңбекқор, көзі ашық, көкірегі ояу алтын адамдар. Менің әрбір жетістігімнің артында қасқайып атам мен енем тұрады. Мырзакентте тұрғанда 4,5 гектар мақталық жеріміз бар-тұғын. Таңғы сағат төрт жарымда егін басына барамыз. Ол кезде адам жалдау деген жоқ. Біреудің жұмысын біреу істемейді. Сағат жетілерге дейін мақтаның шабығын шауып келеміз. Үйге келген соң сауылатын 6 сиырымыз бар. Малымыз көп еді. Енеміз екеуміз екі шелекті алып, екі жактан сиыр сауамыз. 2-2,5 шелектей сүт шығады. Кешкі сүтті сүзіп, қазанға құйып қоямыз. Азанда оның бетіне қаймақ түседі. Оны бір кесеге салып аламыз. Сосын азанғы сүтті соның үстіне



ЕРЕН ЕҢБЕК, МАҢДАЙ ТЕР

ТЫНЫМ ТАППАЙТЫН ЖАННЫҢ

ӨМІР БАСПАЛДАҚТАРЫ



да бала-шаға өсіріп, олар да той-томалакқа, өлім-жітімге барады. Қыз ұзатып, келін алып жатыр. Былай қарасаң, барлығына жеткізіп күнін көруде. Құдай берекесін беріп қойған. 500 мыңдап алып, оны жеткізе алмай жатқандар да бар. Сол үшін музей қызметкерлеріне басымды иіп алғыс айтамын, — деп бастады сөзін Ақмарал Асанқызы.

Музей қызметкерлерінің, жалпы мәдениет саласындағылардың жалақысы мардымды емес екені шындық. Ел алдында әрдайым жадырап, небір сырласу сағаттарын, ерекше іс-шараларды өткізіп, арасында авторлық кітаптарын да шығарып үлгеретін Ақмарал Құдайбергенованың да шеке майы шылыққылап отырғаны шамалы. Ең алғаш еңбек жолын осы музейде ғылыми қызметкер болып 18 мың теңге айлықпен бастаған ол бүгінде директор болып 184 мың теңге алады екен (*шынын айтқанда, бұл туралы өзіміз қоймай сұрап алдық*). «Ауылдағы мектепте мұғалім болып істейтін жеңге, сінділерім 400-450 мың теңге айлық алады. Олардың алдында бастық боп отырып, өзімнің айлығымды айтуға ұяламын», — деді жымып. Әңгіменің төркіні Құдайдың берген жеті перзентін дүниеге әкеліп, өсірген көпбалалы ананың, бір үйдің жалғыз ұлына барып, қарашанырақтың әскери төртбінен таймаған үлгілі келіннің, қызметте де өз еңбегімен адал көтерілген мемлекеттік қызметкердің, 9 жылдан бері музей жұмысын жандандырып келе жатқан басшының осы деңгейге қалай жеткені турасында еді.

Ақмаралдың өмірі сырт көзге сұлу, еш тайғанағы жоқ, мұңсыз, кіршіксіз, бәріне оп-онай қол жеткізе салғандай көрінетіні бар. Тек Ақмарал ғана емес, жетістікке жеткен тұлғалардың өмірі сырттай әдемі көріне береді ғой. Шынтұайтында, бүгінгі жетістіктің ар жағында кешегі Жетісайда 4,5 гектар жерге мақта егіп, шабығын шауып, ауылдың бар кара

ОТАҒАСЫ АМАЛЫ ҚҰРЫҒАНДЫҚТАН, ӨЗІНІҢ БӨЛЕ ӘПКЕСІ МЕН ЖЕЗДЕСІНЕН ҚАРЫЗ АҚША СҰРАУҒА БАРЫПТЫ. ӘЛГІ ПОЛИЦИЯ ПОЛКОВНИГІ БОЛЫП ІСТЕЙТІН ЖЕЗДЕСІ:

— **САҒАН БЕРЕТІН АҚШАМ ЖОҚ ЕМЕС. БІРАҚ ҚАЗІР МЕН САҒАН АҚША БЕРСЕМ, СЕН СОҒАН ҮЙРЕНІП АЛАСЫҢ. ОСЫ ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢСЕҢ ҒАНА АЯҚҚА ТҰРЫП КЕТЕСІҢ. АЯҚҚА ТҰРУЫҢ ҮШІН САҒАН КӨМЕКТЕСПЕЙМІН, – ДЕГЕН ҒОЙ.**

— **ЖЕЗДЕ, ЖҰМЫСҚА БАРУҒА АВТОБУСҚА ТӨЛЕЙТІН АҚШАМ ЖОҚ!**

— **ОНДА ЖАЯУ БАР, – ДЕПТІ.**

ТЕСІК ТӨПЛИДІҢ ТАРИХЫ

«Елге қызмет ету керек». Ақмаралдың ата-енесі дәл осындай ұстанымдағы адамдар екен. Мырзакент елді мекенінде № 90 Абай атындағы орта мектепте аға тәлімгер болып 5 жыл еңбек еткеннен кейін Шымкентке көшіп келіпті. Не бір жақын туысы, не қалтасында соқыр тиыны, не басында баспанасы жоқ болса да, көзсіз тәуекелмен Шымшаһарға табан тіреген жас отбасы Гагарин көшесіндегі қоржын тамды 12 мың теңгеге жалдапты. Ауылдан кетерде Әлия деген екінші қайыңәпкесі қажетке жарар деп берген 10 мың теңгесі ерлі-зайыптыға миллион ұстатқанмен бірдей еді. Оның 6 мың теңгесін пәтер иесіне беріп, қалған ақшаға аз-маз азық-түлік сатып алады. Отағасы Ернар ішкі істер органына жұмысқа орналасады. Ал Ақмаралға бастапқы екі ай жұмыс табыла

ӨКІМЕТ БЕРЕДІ ЕКЕН ДЕП КҮТІП ОТЫРСАҢ, ОТЫРА БЕРЕСІҢ. БІР НӘРСЕ АЙТСАҢ, АҚЫЛ АЙТҚАНДАЙ БОЛАСЫҢ. ТЫНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІК ҚОЙ. МЕНІҢ ҚАЙЫНАТАМ МЕН ЕНЕМ ЖАСТАРЫ 71-КЕ ТАҚАСА ДА, ӘЛІ КҮНГЕ ЕҢБЕКТЕН ҚОЛ ҮЗГЕН ЖОҚ. ОТБАСЫЛЫҚ МАЛ ФЕРМАСЫН АШЫП БАСҚАРЫП ОТЫР. КӘСІБІМІЗДІ БОЛАШАҚТА ҮЛКЕЙТСЕК ДЕЙМІЗ.

қоймайды. Алғашқы жалақы қолға тигенше жас отбасы титықтап күнелтеді. Сонда отағасы амалы құрығандықтан, өзінің бөле әпкесі мен жездесінен қарыз ақша сұрауға барыпты. Әлгі полиция полковнигі болып істейтін жездесі:

— Саған беретін ақшам жоқ емес. Бірақ қазір мен саған ақша берсем, сен соған үйреніп аласың. Осы қиындықты жеңсең ғана аяққа тұрып кетесің. Аяққа тұруың үшін саған көмектеспеймін, — деген ғой.

— Жезде, жұмысқа баруға автобуска төлейтін ақшам жоқ!

— Онда жаяу бар, — депті.

Содан намысқа тырысқан Ернар алақан жайып ешкімнен ешнәрсе сұрамауға бекінеді. Жездесінің «Үш ай қиналасың. Бәрін жеңсең, адам боп кетесің» деген бір ауыз сөзі өмірлік мотивация береді. Жұмыс пен үйдің арасы бір сағаттық жол болса да азанда жаяу, түсік асқа тағы да жаяу барып келеді екен. Жаяу жүре бергеннен бе, аяғындағы қоныр төпшіі тесіліп, табаны жер иіскеп жүре беріпті. Онысын

ешкімге айта алмаған. Тесік аяқ киіммен қатты киналса да, айлық алғанша дымын шығармапты.

— Содан жолдасымның бірінші жалақысы қолымызға тиді. Онша-мұнша қарызымызды төледік. Аяғына төпші сатып алдық. Жолдасым «мына тесік төпшіді тастамау керек! Мұны көргенде тәубемізге келуіміз керек» деп күледі ғой.

Сонымен не керек, жас отбасының Шымшаһардағы жана да қым-қиғаш өмірі жылжып өте береді. Гагарин көшесіндегі қоржын тамда тұрғанда үй иелері жас отбасын тазалығы мен ұқыптылығы үшін жақсы көріп қалады.

«Мен тамақ істеп жатсам, әйелі «Сенің тамағыңды жейікші» деп қызығады. Бір күні олардың үйінен, бір күні біздің үйден тамақ ішіп жүрдік. Екі ай өтпей бір-бірімізбен қоян-қолтық араласып кеттік. Қандай әке тәрбиеледі деп күйеуіме қызығатын. Күндердің күнінде үйлеріне Астанадан Қаршыға деген кісі қызына жұмыс іздеп келіпті. Қалай болғаны түсініксіз, үй иесі ол кісінің қызына емес, маған музейден жұмыс тауып берді. Қанат ағамен әлі күнге араласамыз», — дейді Ақмарал Асанқызы.

Алғаш жұмысқа тұрған кезінде Елбасы Н.Назарбаевтың жеке көрмесі келді. Соны қазақ тілінде жүргізу ұзын қара шашын бұрымдап өріп, ұлттық киім киген нағыз қазақ қызы бейнесіндегі Ақмаралға жүктеледі. Үш күн бойы қонақтарға экспозицияны таныстырады. Кейіннен сол ұлттық киіммен көп жерде экскурсия жүргізеді. Қай жерге қонақ келсе, қазақша киіммен шәй құю Ақмаралдың екінші жұмысына айналады.

— Ол кезде жаспыз. Қазақша көйлек киіп, қызмет жасағанымызға ризамыз. Еш қызметтен қашқан жоқпыз. Күн-түн демей, басшылықтан келген тапсырманың бәрін орындап жүрдік. Соның бәріне ата-енем «Қой, оның болмайды»

пәлен бала, пәлен келін жоқ. Сендердің жеткен жетістігіне қуанамыз» деп қолдау көрсеткенін ұмытпаймын. Жолдасым да «Вперёд!» деді, — деп директорлыққа тағайындалған сәтін еске алды.

Әйтсе де, әлі үйсіз-күйсіз жүрген отбасына баспана қажеттілігі арта берді. Қоржын тамнан кейін Тассай мөлтекауданындағы қараусыз үйге барып тұрған-ды. Оны да әктеп-тазалап, үй қалпына келтіріп алған соң, сол баяғы диқаншылықты қосымша кәсіп етуге кіріседі. Ауылдағы ата-анасын алдыртады. Ақсуқенттен жалға жер алып, жылыжайға қияр, қызанақ, картоп егіп сатылымға шығарады. Өйткені «мемлекет қашан үй берер екен, қашан ақша бөлер екен» деп күтіп отырса, уақыт оздырып алар еді. Оның үстіне бір айлық шайлыққа жетпейтін болған соң, тырмысып қосымша жұмыс істемеске болмайды. Өзі музейде директор, түнімен «Карл Маркс» көтерме көкөніс базарында қияр сатады.

— Күйеуім сатуға намыстанды. Маған бәрін жинап әкеп береді. Таңға қарай ұйқылы-ояу үйге келеміз. Үшінші қызыма аяғым ауыр. Декретке шыққанмын. Алла қолдап, қияр, картобымыз жақсы өнім беріп, сол жылы табысты болдық. Жер учаскесін сатып алдық. Бір жыл іргетасын құйып қойдық. Келесі жылы кірпішін қаладық. 2-3 жыл дегенде үй салдық. Ауылдағы үйімізді, малдарымызды сатып, баспанамызды бітірдік. Мемлекеттен әлі күнге ешнәрсе алмаппыз. Өкімет береді екен деп күтіп отырсаң, отыра бересің. Бір нәрсе айтсаң, ақыл айтқандай боласың. Тынбай еңбек еттік қой. Менің қайынатам мен енем жастары 71-ке тақаса да, әлі күнге еңбектен қол үзген жоқ. Отбасылық мал фермасын ашып басқарып отыр. Кәсібімізді болашақта үлкейтсек дейміз, — деді Ақмарал.

АҚМАРАЛДАН АҚЫЛ

«Ақмарал қалай сөйлесе де жарасады. Шашы ұзын, әппақ қыз, «Университет аруы» болған бойжеткен 19 жасында осы елге келіп, темірдей тәртіпке бағынып, жылма-жыл ұлды да, қызды да тауып, бар бейнетті көтерді. Ата-енесін жерге қаратқан жоқ». Жолдасының үзенгілестері бас қосқанда Ақмаралды осылай көтермелеп отырады екен. Бұлай деуіне негіз бар.

«Тұрмысқа шыққаннан кейін екі қызымды босандым. Жолдасым 10 айға әскерге кетті. Сонда өзімнің де, жолдасымның тірлігін қоса алып жүрдім. Ұзын көйлек киіп, қысымен жиналған малдың тезегіне су құйып, жібітіп, оны аяғыммен басып, араластырып тезек те жасадым. Тезекпен өзуре боп жатқанда күйеуімнің сыныптас достары келіп «Жұр, отырысқа алып барайық, жолдасың дайындап кеткен» десе, мен ұялып жүрмін. Соның бәрін көріп айтып жүргені ғой», — деп ақталғандай әңгіменің жібін тарқатты.



Ақмаралдың айтуынша, жора-жолдастарының арасында ажырасып кеткендер де болыпты. Өзі де өмірін еңбекпен өрген ол қыз-келіншектерге айтар ақылын да аямады.

— Алғаш отбасын құрғанда уақытша сынақ болады екен. Өз елін тастап өзге елге сіңісетін, ана атанып, бала-шаға, ата-ене бағатын, кеше ғана ата-анасы үкілеп өсірген қыз бүкіл бір елдің жауапкершілігін алғаннан кейін, соның бәрін көтере алмайды. Әсіресе, қазіргінің қыздары. Өрнегі бір сылтауратып, ажырасып кетеді. Жетім балалардың көбейіп жатқаны содан. Музейде қанша қыз бар болса, көбісіне басу айтамын. «Бәрі уақытша, өмір бойы қиналып жүрмейсің. Қайта Алла тағала сені жас кезінде сынап жатқанына қуан. Бала-шаған өскенде сыналып, қиналғанша, жас кезінде өткізіп жібер» деп айтамын. Алла тағала ешкімді сынақсыз қалдырмайды деп ойлаймын. Өмір болған соң ақ пен кара қатар ілесіп жүреді. Сондықтан алғашқы 7-8 жылдық қиындыққа шыдаса, арғы жағында бала-шағасы да өсіп қалады. Көп жақсылықтар күтіп тұрады. Қыздар бастапқы сынаққа сынбаса екен, қиындықтан өтіп кетсе екен деп отырамын, — деді ағынан жарылып.

Иә, Ақмарал қандай ақыл айтса да жарасады. Өмірде де, қызметте де барлық сынақты еңсеріп, еңсесін тіктеп келе жатқан әйел кейде ақыл айтамын деп, қыз-келіншектердің талқысына түсіп қаламын дейді. Ол да көптеген қазақ әйелдері сияқты азанда балаларын балабақшаға, мектепке апарарды. Жұмысқа асығып жетеді. «Басшы екенмін» деп сықырып отыру Ақмаралға тән емес. Шан сүрту керек болса, шаң сүртелді. Басшы боп жиынға қатысу керек болса, бар мәліметін жинастырып жиналысқа қатысады. Кешке үйге келгенде күйеін тіршілігі күтіп тұрады. 7 баланың сабағы мен тәртібін қадағалайды. Былайша айтқанда, қарапайым қазақ әйелінен еш айырмашылығы жоқ. Тек басшы ретінде жауапкершілік жүгі ауыр.

Міне, біздің кейіпкеріміз Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, көпбалалы ана, сүйікті жар, аяулы келін, руханият жанашыры, еңбек адамы Ақмарал Құдайбергенованың өмір жолы осындай. Ақмаралдың өмір эпизодтарына арнайы тоқталғанымыз бекер емес. Қазақ қыздары осындай Ақмаралдардан үлгі-өнеге алса, жетістікке адал еңбегімен жетсе, ешкімге алақан жаймаса, Жаратқанның және жақындарының қолдауымен биіктерге ұмтылса деген ой.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,

Шымкент қаласы



Естелік

(Соңы. Басы газетіміздің №13 (897) санында)

ОЛ ҚАДІРІНІҢ ҚАШҚАНЫНА РЕНЖІДІ...

— Рас-өтірігін білмеймін, танысымның айтуынша, кеше Көк базардың жанында: «Ол жігітті менен артық ешкім сүймейді. Оған жар болуға мен ғана лайықтымын» деп қыздар өзара таласып, бірінің шашын бірі жұла жаздапты. Милиционерлер жанұшыра жүгіріп жетіп, ысқырығын шалып, әрең ажыратыпты. Қызыл жағалылар:

— Мына арулар «мені ғана сүйеді» деп таласқан ол жігіт кім болды екен? — деп сұрастырып, тексерсе, Алатау бөктеріндегі жер үйде тұратын Мамытбек деген журналист екен.

— Ой, аға.

— Кезінде ол аруларға Мамытбек қарамай кеткен-ау шамасы, — деп Бауқен аха-ха-халай күлді. — Сенімен сөйлесу саған азап болғанмен маған демалыс, рахат.



«Мен өжет, өр рухты жаңдарды жауып көрем»

— Маған да рахат, аға.

— Сен келсең, көңілім көтеріледі. Ауруымды ұмытам. Қатты киналған сәттерімде сенімен сөйлескенді қалаймын. Жалпы мен өте шыдамды адаммын. Дәрігерлер: «Онкологиялық институтқа барып көрдіңіз бе?» дейді. Мен:

— Рак болсам, онкологиялық институт жазады дейсіз бе? Сексенге қарай қадам бастым, өлсем, арманым жоқ. Шөбересін көрген адамда арман болмайды.

Мен 1942 жылдан бастап ауырам. Содан бері тірі жүргеніме Аллаға да, Кенес үкіметіне де миллион рет рақмет айтам. Егер Кенес үкіметі қамқорлық жасамаса, мен қалай жылда шипажайларда демалам? Жарайды, былшылбай сөзді қояйық. Қандай жаналығың бар?

— Кеше Көк базардың жанында қайыр сұрап отырған сексен жастағы қартты кездестірдім. Кемпірі өліп, ұл-қызы қарамай қойыпты.

— Өзі қалай, сексен жастағы қартқа ұқсай ма?

— Ұқсағанмен мойымаған. Өжет мінезді, өр рухты адам көрінді. Қарттар үйіне қабылдамақ болған екен, дікендеп сөйлескен дәрігерге ренжіп, «жалбандап жан бакканша қайыр сұрағаным артық» деп кетіп қалыпты.

— Мен өжет, өр рухты адамдарды жақсы көрем. Оның «Жалбандап жан бакканша, қайыр сұрағаным артық» дегені дұрыс. Зейнеткерлерге менсінбей, кекесінмен қарайтын да дәрігерлер бар.

— Қай жеріңіз қашаннан бері ауырды? Қандай дәрі ішетін едіңіз? — деп менен сұрайды.

— Алдында анализім жатыр емес пе? Ауру сенің алдына жан тапсырғалы келді дейсін бе? Жөндеп сөйлесуді де білмейсін. Мен бұдан былай саған қаралмаймын. Сауатсызсың! — десем:

— Денсаулығыңыз күннен-күнге нашарлап бара жатыр, — деп сөзді басқа жакка бурмақ болады.

Ана қайыршы қарттың ренжігені дұрыс. Ол қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына, қоғамына ренжіп жүрген өр, өжет адам.

«БҰЛ БІЗДІҢ ОЙЛАНА БІЛГЕНДІГІМІЗ БЕ?»

— Менің түсінігім өмір жүзінде ағайын-туған, жекжат-жұрат, замандастарым түсінігімен сәйкес келе бермейді. Оған біз емес, қоғам кінәлі.

Бәріміз марқұмды жоқтап, Алладан жарылқау тілейміз. «Ислам дүниесінде қаза болған бір мұсылманға 40 адам барып, Алла, рахмет етсін» — десе, көпшіліктің тілегі қабыл болады деген. Бірақ шариятта ат сойсын, атан сойсын деген нұсқау жоқ.

Қазақ үйіне келгенді құр жібермеген халық. Шартты түрде дастарқан жаяды. Жай ғана шайын беріп, шығарып салуды місе тұтпайды. Қолында барын шашады. Шашпа деп айта алмайсың. Оның шотын шабушылар да жетіп артылады. Шығындана берме деген кісіні «ақымақ, үнінді өшір» деп сөйлетпей қояды.

Екінші қазақы мінезіміз, қаза көрген жерге біз еш уақытта құр қол бармаймыз. Малың



малдай, ол аз десен, ақша, майда шүйдесіне дейін алып барамыз. Жаназаға келген ағайын ауыз тисін деп дастарқан жаямыз.

Қазақ сүйекке туыстың біреуін, құдасын, жиенін, құрдасын, өзімен бесуе деп тақ санды таңдаған. Сүйекке кіретіндер мүмкіндігінше жас шамасы қатар, ағайын ішінде көңілі

жакын адамдар болған. Көздегені — кірген адамдар жиіркенбей, жалықпай таза жуалды деген сенім.

Кешегі заманда төберік деген болды. Үлкеннің киімін киіп жүру бізге мәртебе еді. Мен де жас кезімде шабандоздықпен айналасына аты шыққан, екі арада сөзі өтімді, турашыл, ағайын арасында әділ болған марқұм ағамыздың Наурыз тойына киген желбегей шапанын тастамай киіп жүрдім. Мереке күндері ағамды білетіндер шапанын танып, оның етегімен көздерін сүртетін. Қазір біз ол рәсімнің мәнін түсінбейміз, менсінбейміз.

Марқұмның басына ескерткіш тұрғызу — тарих, елдің тарихы. Әркімде ауылдық, аудандық, облыстық, мемлекеттік, халықаралық деңгей деген болады. Құл кожа Ахмед Йассауиге Әмір Темір ескерткіш салмағанда, ендігі ұмытылып кетер еді. Сол секілді Қарахан, Айша бибі, Исхак баб, Қорасан ата ескерткіштері — біздің кешегіміз ғана емес, келешегіміз. Алайда елге еңбегі сіңген осы даналардың ескерткішінен он есе үлкен етіп, көркем етіп кешегі ауылдан ұзамаған ағамызға

сағана салатынымыз қалай? Бұл ойлана білгендігіміз бе, ойлана білмегендігіміз бе?

«БАСТЫ МАҚСАТ – ОРТАҢА ОЛЖА САЛУ»

— Мен әрдайым генерал Иван Васильевич Панфиловтың сеніміне лайық болуға, ойлаған ойынан жоғары тұруға, соғыс өнеріне өзімше бір жаңа леп қосуға талпынып бақтым. Екеуіміздің мәмілеміз осылай дұрыс үйлесім тапты.

Кейбір шолақ ойлылар мені тамыр-таныстықпен батальон, полк, дивизия командирі болды дейтін көрінеді. Кіммен кім таныспайды, кіммен кім сыйласпайды. Сол таныстарының, сыйластарының ішінде сені атып тастауға дайын жүретіндері де бар. Өмір сонысымен күрделі.

Құдайға шүкір, жеті басты айдаһар жауды жеңдік. Қазір ел-жұрт көрген жерде күлімдеп амандасады, төрінен орын беріп, құрметтейді. Тек айлакер алаяқтар мен жымысқы жарамсақтар жаныма жақындаудан қорқады. Қорқатын себебі, олардың ақылгөйсініп, өтірік айтып білгішсінген пәлігін басып тастаймын. Пайдасы тимейтін адамға ешкімнің жоламайтыны секілді, арамзалар маған жоламайды, жоламағаны жақсы. Мен оларды әділетсіздіктің әкелері деп жек көрем, олар да мені жек көреді.

Жарық дүниеге келу, жарық дүниеден кету — басты мақсат емес. Басты мақсат — өзінді, елінді ұятқа қалдырмау, жұрт құткеннен де артық еңбек етіп, ортана олжа салу.

«КЕННЕДИ ЕКЕУІҢНІҢ АТА-АНАЛАРЫҢА РАҚМЕТ»

— Сіз өткен жорық жолыңызды еске аласыз ба?

— Жіі еске аламын. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде бір кино көргенім бар. Онда ешқандай машыктанбаған біздің бір солдатымыз немістің өте тәжірибелі жырма шақты офицерін, солдатын қырып салады. Бұл шындыққа сәйкес емес.

Мен әскери кеңесте: «Неміс әскері жан-жақты, тамаша қаруланған. Егер ол әлсіз болса, жарты жылдың ішінде Москва іргесіне дейін шегінеміз бе? Дұшпанды ақымақ, әлсіз етіп көрсету өзімізді өзіміз мазак ету, қорлау» деп ойымды ашық айтқанымда, жұрт дүрлігіп, біреулер:

— Бұл бізді үрейлендіріп, дұшпанымызға көмектеспек, — деп маған жабысты. Дивизия командирі генерал-майор Чистяков:

— Бауыржанның ескертпесі орынды. Ол киноны мен де көрдім, сөз етуге тұрмайды, — деп мені жалған намыс жетегіндегі бояма белсенділерден арашалап қалды.

Өткен өтті. Халық соғысты қаламайды. Соғыс дүние жүзі халықтарының тұрмыс жағдайын нашарлатады. Бізге татулық керек. Бір-біріне мылтық кезенбей-ақ, бір-бірімен достасқан елдер аз ба?

Бейбітшілік жолмен ортақ тіл табысып, қару-жарақтың бәрін бейбіт еңбекке жұмсап, дүние жүзі халықтары бір-бірімізді аға, іні, апа, сіңлі деп түсінсек, соғыс болмайды, оған жол берілмейді.

Біз Американың президенті Кеннедиге рақмет айтуымыз керек. Коммунистік партия Орталық Комитетінің Бас хатшысы Н.С. Хрущев соғыс ашамыз деп күдіретті қару-жарағын кемеге тиеп, Кариб теңізіне жүзіп барғанда, Кеннеди білгір ғалымдарды, философтарды, саясаткерлерді шақырып алып:

— Біздің де күшіміз жетеді. Мынау іргемізге келіп тұр. Не істейміз? — деп ақылдасканда, ғалымдар:



— Бұл соғыста жеңіс те, жеңіліс те болмайды. Дүние жүзі үлкен апатқа ұшырайды. Өйткені қазіргі атом, ядролық бомбылардың зардабынан құтқаратын дәрі әлі жоқтың қасы. Адамдардың әртүрлі жұқпалы аурумен ауыратыны анық. Соғыс тоқтағанмен көп жылға дейін өлім тоқталмайды. Өлік шірілі. Жұқпалы ауру дүние жүзін жайлайды, — дегенде, Кеннеди соғыс кемелерін кері қайтарып алып, ақылдылық жасады.

Жақында «Нью-Йорк Таймс» газеті біздің осы ұстанымымызға тежеу болып келе жатқан жалғыз адам бар. Ол Алатаудың қойнауын мекен еткен Мамытбек деген. Онымен тез арада келіссөз жүргізіп, түсінісуіміз керек. Онсыз халықаралық жағдай қиындап кетпек деп жазды. Сенің бұдан хабарың бар ма?

— Хабарым бар. Кеше: «Қауіптенбендер. Бейбіт өмірді мәңгі сүйетін қазақ халқының бір баласымын» деп жеделхат арқылы ниетімді білдірдім.

— Жаралындар. Кеннеди екеуіңнің ата-аналарына рақмет.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы

Хабарландыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІ «ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АТ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ.

1. Функционалдық міндеттері:

— қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

— ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды;

— оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді;

— педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды;

— ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезендерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді;

— барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спорты дамытуға бағыттайды;

— жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

— лауазымды тұлғаларға — орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады;

— қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның

құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

— спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды;

— тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады;

— ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қоры, әлеуметтік медициналық сактандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен бұқаралық қоса алғанда, кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (*келісімшарттардың*) орындалуын қамтамасыз етеді;

— сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

2. Конкурса қатысушыларға қойылатын талаптар:

— кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (*немесе жоғары оқу орнынан кейінгі*) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

— мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Білуі тиіс:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексің;

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексің;

Қазақстан Республикасының заңдарын:

2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»;

2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы»;

2011 жылғы 1 сәуірдегі «Мемлекеттік мүлік туралы»;

2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы»;

2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»;

2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы»;

педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

4. Конкурса қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурса қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (*ол болған кезде*) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді*) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;


Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (*біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.*) бере алады.

Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (*он бес*) күн ішінде жүргізіледі.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7(7172) 74-02-52, 74-06-55

Кәсібі мен ермегіне өмір бойы адал боп жүрген адамды кездестіре бермейсің. Сондай сирек жанның бірі – әріптесіміз Геній. 40 жылдан бері журналистика мен футболда. Қатардағы маман немесе жай ғана әуесқой да емес. Майталман тілші һәм жазушы. Газетте, радиода, телевизияда тер төгіп еңбек етті. Қалам тербеген тақырыбы да, ерісі де сол – спорт деген бір сиқыр. Осы салада «әділетсіздік пен жемқорлыққа жол берілмесін» деп қашан көрсең, шыр-пыр боп жүргені. Әлемдік дүбірлі додаларға барып, көрген-білгенін, алған әсерін кітап бетінде суреттеді. Өзі оқыған университетте болашақ ізбасарларына ұстаздық еткен кезі де бар.



Университетті тәмамдаған соң ол баспасөзге бет бұрды. Спорт журналистикасының санлағы атанды. Бірақ спорттан қол үзген жоқ. Әріптестері арасында футболдың кең қанат жаюына өлшеусіз үлес қосты. Стадиондағы мыңдаған жанкүйер допты әуелі желкесіне қондырып, содан кейін тіземен қаппақылдау сияқты асқан шеберлікті қажет ететін тәсіліне тәнті болып еді. Қайбір жылы Петерборда тілшілер арасында өткен ТМД біріншілігіне бастап барды. Отандық журналистер жеңімпаз атанып, елге абыроймен оралды. Футбол ардагерлерін еске алып, ескерткіш орнату, солардың құрметіне турнир өткізу секілді азаматтық болмысы өз алдына бөлек .

Біздің абзал досымыз, әріптесіміз Геній Қазыбекұлы Төлегенов 60-тың аскарына аяқ басып отыр. Қадірменді әріптесімізді мерейтойымен құттықтап, ақ тілек, адал ниетімізді жолдаймыз. Биіктен көріне бер, Қазақ журналистикасының қайраткер спортшысы!

Срайыл СМАЙЫЛ



Инвестициялық имиджге нұқсан келмесін

Жан-жақты сараптан өтпеген тәжірибе, салық пен заң саласындағы шалт қимылдар. Бұл кез келген инвесторды сөзсіз ойландырады. Әйтеуір, қолымызды кеш сермеп жүрмейік...

ЕРЕЖЕНІ ЕСЕПКЕ АЛМАУ

Соңғы кезде қайсыбір саладағы ережелер мен регламенттерді «модернизациялау» керек деген идея жиі айтыла бастады. Бәлкім, игі мақсатты көздейтін де шығар. Бірақ мұндай «ойынның» арты неге әкеп соғатыны бастамашылардың миына да кіріп шықпайды.

Осы орайда біраз елдің тәжірибесіне көз салған артық болмас еді.

Капиталдың сыртқа ағылуы — кез келген экономика үшін қауіпті. Тіпті төрт аяғын тең басқан мығым экономика үшін де. Ойланбай жасалған оқыс қадам инвесторды үркітуі мүмкін. Асыра айтқандық емес, бұл мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Өйткені ондай құбылыс ең алдымен әлеуметтік тұрақтылыққа соққы болып тиеді.

Әрине, түйткіл өзінен-өзі туындамайды. Әдетте оған салық немесе экономикалық қызметті реттеу саласындағы әлеуметтік-популистік тәжірибелер түрткі болады. Сондай тәжірибені қолға алдың екен, бітті. Инвестор атаулы елден кетіп, капитал сыртқа жылыстай бастайды. Кез келген инвестор үшін, кәсіпкерлердің тілімен айтқанда, ойын ережесінің бұзылуы тұрақтылықтың шайқалуы дегенді білдіреді. Тұрақсыздық салықтың жоғарылауынан да жаман, ол бәрінен де жаман. «Ереже өзгереді» деген хабардың өзі осы кезге дейін салық және инвестиция жұмағы болып келген мемлекеттен кетуге мәжбүрлейді.

Капиталдың сыртқа әкетілуіне төмендегідей шешімдер ықпал етеді:

- салықты реттеудегі «конфискациялық» ұстаным
- банк жүйесіне сенімсіздік таныту
- бизнес жүргізуге кепілдік беретін біртұтас және мығым заңнамалық базаның болмауы
- мемлекеттік басқаруға кездейсоқ саяси факторлар мен популистік идеялардың әсер етуі.

Мұның ақыры қандай болмақ? Тәжірибе көрсеткендей, бюджет түсімін ұлғайтуға ұмтылу, сайып келгенде, кірісті кемітеді. Бизнес мұндайда өзіне қолайлы жаққа ойысуға ынғайланады.

Мәселен, офшорға. Иә, мұндай тәжірибенің нәтижесі жақсы емес: инвесторлар қашады, капитал сыртқа ойысады, инвестиция азаяды. Осының бәрі әлеуметтік коллапсқа әкеп соқтырады.

Негізі капиталды сыртқа әкету — күрделі де көп сатылы технология. Бизнес иелері түрлі қитұрқылыққа барады, небір амал-айланы ойлап табады. Қаржы транзакциялары түрлі елдегі бірнеше компаниялар арқылы өтуі мүмкін. Соның бәрі офшорға апарады.



Дамыған елдердегі көптеген компаниялар әр кезде салық жүйесінің тұрақсыздығы мен катал регламенттен қашып, капиталын офшорға әкеткені мәлім. Биліктің бизнеске салық жүгін көбейтуі (әдетте бәріне емес, шенеуніктерге табысы жоғары сияқты болып көрінетін жекелеген бөліктеріне) капиталдың сыртқа жылыстауына түрткі болады. Мексика, Бразилия, Түркия, Ресей және өзге де ірі дамыған елдер әр кезеңде осындай жағдайды бастан кешірді.

ИНВЕСТОР ҮШІН ЖҰМАҚ

Бизнес орта мен салық климаты тұрақты біздің еліміз осы кезге дейін инвесторлар үшін жайлы болды. Көрші елдермен салыстырғанда, бізде бизнесті реттеу мен салық саясаты қай жағынан алып қарасаң да тиімді. Әрине, мұндай мемлекет — инвесторлар үшін нағыз жұмақ. Сондықтан жоғарыда айтылған кейбір елдердің тәжірибесін бізге қайталауға болмайды.

Қазақстан көп жылдар бойы инвестициялық климаттың классикалық жағымды үлгісі саналады. Өйткені салық тым жоғары емес, нақты және тұрақты регламент бар. Бұл біздің үкіметімізге шетелдік, сондай-ақ жергілікті капиталды көптеп тартып, басымдық берілетін салаларды дамытуға мүмкіндік береді.

Шетелдік инвестиция негізінен мұнай саласында десек те, инвесторлар туризм және

ойын-сауық бизнесіне, банк секторына, инфрақұрылым, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығына да қызығушылық танытуда. Біздің еліміз инвестор атаулыға қолайлы болғандықтан, 2008-2010 жылдардағы әлемдік дағдарыс кезінде де экономика тұралаған жоқ. Экономикасы дамыған ірі мемлекеттер тығырыққа тап болғанда, біздің экономика өсіп жатты. Бұрын қызығушылық танытпаған компаниялар келе бастады. Дәл осы қазақстандық реттеу әдісі экономиканы капиталмен толықтыруға мүмкіндік беретін артықшылыққа айналды. Әлбетте, мұның бәрі елдің өсіп-өркендеуіне септігін тигізеді. Ережемен ойнағысы келетін тәжірибеқұмарлар шыққанға дейін...

«ЖЕР АСТЫНАН ЖІК ШЫҚТЫ»

Жекелеген салада «бірденені өзгерту» идеясы жоқ жерден пайда болмайды. Шындығын айтқанда, мұндай идеяның ешқандай стратегиялық мағынасы да жоқ. Ол тек популистік мәнге ие.

Кейбір экономистер ойын-сауық және туристік салада (нақты айтқанда, ойын-сауық индустриясында, оларды бұрынырақта екі арнайы экономикалық аймақ деп бөлек шығарған) ережені өзгерту идеясын талқылағанда, жекелеген мүдделі топтардың лоббистік пиғылы бар екенін айтады. Олардың мемлекеттік басқару мен реттеу саласына қатысы да жоқ.

Бұлар — мықты қорғаушысы бар бизнес-құрылымдар. Нақты айтқанда, мемлекеттік жобалардың арқасында күнелтуге дәндеген топтар. Олар өз лоббистеріне сүйенеді. Ондай пысықайлар саусағын да қимылдатпай ақша табу үшін жуырда ғана Мемлекет басшысы сыйнаған «бүркеме» кеңселер мен компанияларды пайдаланады. Олар қайтсе де өз пайдасы үшін бұрыннан қалыптасқан ережелер мен талаптарды өзгертуге ұмтылады.

Дегенмен түйткіл оларға қарап тұрған жоқ. Бұл құрылымдар ештеңе шешпейді де. Бірақ олардың популистік ұраны қолдау тауып кете ме деген қауіп бар (соған да жетіп қалды). Егер олардың идеясы қолдау тапса, онда біздің инвестициялық тұрақтылығымызға нұқсан келгені келген. Тек ойын-сауық қана емес, басқа салаларда да инвесторлар арасында дүрбелең басталады.

Бүгінде әлгі топтар тықпалап отырған идеялар мен бастамалар әзірге тар сипатта.

Олар букмекерлік бизнес саласын «жанаша» реттеуге бағытталып отыр. «Жаналық» авторлары букмекерлер мен олардың клиенттеріне әлдеқандай салық салмақшы. Ал ол ақша жеке бір ЖШС-ның қоржынына құйылады. Айналып келгенде, олар пайда табудың классикалық формасын енгізбекші.

Бәлкім, букмекерлік және ойын-сауық индустриясына бұл соншалықты өзгеріс әкеле қоймас. Кілтпап басқада. Егер осы ат төбеліндей топтың идеясын шынымен-ақ заңға енгізсе, тағы да қайталап айтамыз, инвесторлар мазасыздана бастайды. «Есің барда, елін тап» деп тайып тұруы да ғажап емес.

Өйткені инвестор ертенгі күні өздерінің бизнесіне қай жақтан соққы тиеуінен күтіп отырмайды ғой. Ойын-сауық индустриясы бюджетке миллиардтаған табыс құйып, қарқынды өсіп жатқан шикізаттық емес сала екенін айту керек. Бүгін осы салаға жеке ереже енгізілсе, ертен қай салаға кезек келеді? Тәжірибеқұмарлар мұнай, металлургия немесе машина жасау саласында да ережені өзгерту керек деп шықпаса кім кепіл?

Қарап отырсақ, популистік идеяны жалаулатқандар — экономиканың иісі мұрнына да бармайтындар. Бұл адамдар тіпті нені «реттегісі келетінін» де білмейді! Осы мәселені көтеріп жүрген кейбір депутаттар мен шенеуніктер букмекер мен ойын индустриясын ажырата да алмайды. Басқасын былай қойғанда, лото, казино немесе тотализатор дегенді букмекерлік кеңселен айыра алмайды! Олар букмекерлік бизнестің бюджетке қомақты қаржы түсіретінін естімеген сияқты. Әрине, мұнай мен металлургиямен салыстыруға да келмейді. Дегенмен тұншықтыратындай аз да емес. Оның үстіне, бұл салада ірі шетелдік инвесторлар да бар. Демек ереже өзгерсе, шетелдегі бүкіл инвестициялық қауымдастық құлақтанады деген сөз. Елде жұмыс істейтін басқа бизнеске де құлаққағыс. Түркия мен Мексика сияқты, капитал жаппай офшорға ағылғанда, ел экономикасына тиімді болмайтыны айтпаса да түсінікті.

Мамандардың айтуынша, ойын-сауық индустриясында жана регламент енгізілген жағдайда, бір апта өтпей-ақ бизнес ортада дүрбелең басталады. Оған жол бермес үшін, қайдағы жоқ, күмәнді компанияларға жұмыс істейтін популист-лоббистердің аранын жабатын кез келген шығар?

Олжабек БАЙҚАТОВ

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үйі, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1074;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.